

Болат Мағазұлы Сағындық

Сарлы Заман Зардабы




САЯСИ КУФЫН-СҮРГІН КҮРДІЛДАРЫНА



Болат Мағазұлы Сағындық

арлы
Заман
Зардабы



Петропавл
2018 жыл

УДК 534 (84)
ББК 84.3 (Каз) 5-2
С 49

Сагындықов Б.М.

С 49 «Зарлы. Заман. Зардабы». – г. Петропавловск: Издательство «Северный Казахстан», 2018 ж. – 168 бет.

ISBN 978-601-7247-52-3


Осы шығармамды қарғыс атқан саяси құғын-сүргіннің 80-жылдығына арнадым. Зарлы заман зардабын шеккен миллиондардың есімдерін есте қалдышруды мақсат еттім. Қырық бесінде қыршынынан қырқылып, әке арманын өзімен ала кеткен әке жаным Сагындық ұлы Мағазға бағыштадым.

560453

УДК 534 (84)
ББК 84.3
(Каз) 5-2

ISBN 978-601-7247-52-3

© Сагындықов Б., 2018
© Издательство «Северный Казахстан», 2018





АБЫЗ АҒАНЫҢ АҚ БАТАСЫ

Болат Мағазұлының «Қарттың сыры» деген кітабын парактап болып, мына «Зарлы заман...» қолжақбасын қарап отырғанда оралған ойлардың ұшығы

Уақыт қымбат. Біздің пенделігіміз де сол уақыттың бағасын білмегендіктен-ау. Қазақта «Судың да сұрауы бар» деген мәтелсұмақ бар. Онысы –екі дүниеде ең арзан нәрсе су дегені, яғни оның да бары-жоғын, азы-көбін, қайдан келіп, қайда бара жатқанын бір тексеріп қою қажет, дегеніміз болса керек. Әйтпесе, сусыз тіршілік жоқ қой. Сонда тіршілік көзінің өзі арзан дегеніміз бе? Су ағады, кетеді; уақыт өтеді, өтіп жатыр, кетіп жатырп. Оның бағасын білген кім бар?

Болат айтады: «Уақыт қымбат». Себебі уақыт қысқа. Уақыт қысқа болған соң, оны құны қысқарған сайын қымбаттай беретін болса керек.

«Уақыт қысқа, күтпейді, асыға бер!

Зиялы азаматтың қасына ер.

Атқарып әр ісінді абыраймен,

Өз халқыңың мерейін асыра бер!»

Әйткені өмір-уақыттың көбі кетіп, азы қалғанын сезінудің өзі өкініш емес, тіпті мақтаныш болса керек. Болат ағамызға қарап осылай дегім келеді.

Қасым деген ақын болған. Аманжолов. Сол ақынның өлер алдында бастап, өзі жаза алмай, Есмағамбет Ысмайылов деген досына айтып отырып жаздырған дастаны «Өзім туралы» деп аталса, алғашқы сөйлемі «Өзге емес, өзім айтам, өз жайымды» деп басталушы



еді. Сонда, мына Болат бауырымыз да, «Шеткі үйлер көшкенде, ортадагы үй шет болып қалады» дегендей, ел шетіне келіп қалғанда, жан-жағына бір қарап, манағы: судың сұрауы сияқты «Уақыттың да сұрауы бар,

жауап беретін шамамыз тұрганда,
бой бүтін, ой орнында тұрганда,
өзім жайлы өзім айтпасам,
біреу мақтаймын деп асырып,
біреу ол өзі осындай ма еді деп, тау тұлғаны тәбедей
кішірейтіп алар,

дегендей, өз сырын өзі қағазға түсіріп,
қара сөзбен емес, өлең сөзбен кестелеп,
«Қарт сыры» деген кітап етіп ұсыныпты.

Бәрі дұрыс, бірақ жап-жақсы кітапты жүдегіп тұрган-
дай, «Қарт сыры...» ұнаңқырамай тұрганы. Дұрысы
«Менің сырым» болар ма еді қалай? деген жымысқы
ой, жасырынып келіп, босағадан сығалады.

Карт деген не сөз?

Шал деген не сөз?

Абыз деген не сөз?

Тілі бай, теңеуіне сөз жетпейтін қазағым-ай, тірісін-
де, осы шақпен өзіміздің Болат, әйтпесе, өткен шақпен
кешегі Болат, ағамыз, құрыштай берік, болат-ақ еді ғой!
деп айта беретін шығармыз!

**Сексен деген сөз бе өкен?
Мәрем алда көздеген.
Менен де үлкен жігіттер
Шау тартқанын сезбеген,**



деген сияқты мұнданай жасамыс жігіттер елге керек, ба-
луанға түсіп, бәйгеге таласып жатпаса да, «Біздің елдің
жігіттері, Жігіттердің төресі!» деп көрсетуге керек.

**Себебі мұнданай жігіттердің: Ғұмыры құнсыз өтпеген
/ Терін де текке төкпеген, / Өшпейтін айқын ізі бар /
Сексен бесте шөкпеген,** десем, өтірік айтты деменіз-
дер.

Адамның күні адаммен екенін мойында майтын пен-
делер бар. Заты, түсіне білген жанға осы бір қарапайым
тіркестердің астарында көп сыр жатыр-ау! Тіпті, сенің
осы өмірде бар, не жоқ екенінді замандастарың, көр-
ші-қоландарың... мына біз болмасақ, кім біледі?

Демек, олар сенің осы өмірде не бітіріп, не қойға-
ныңды есептеп, өлшеп жүретін сыншың, безбенің. Бәрі
керек. Саған керк. Маған керек.

Робинзон Крузоны Даниель Дефо не үшін жазды.
Ол ертегі емес. Үлкен философия. Өмір философиясы.
Бар мен жақтың философиясы. Жалғыздықтың қай-
ғылы сыры. Қазақ алысқа бір-ақ сілтейді. «Жалғыздық
құдайға ғана жарасқан!» дейді. Дауласа алмайсың. Бірақ,
құдай емеспіз ғой. Шіркін жалған...

Сондықтан, алысқа бармай-ақ, көрші бөлмедегі
қамқор қарындасты Құннұрга мына жолдарды арнаған
Болатты мен үлкен ойшыл деп атایмын. Көбіміз осы
сөздерді айта алмаймыз.

**«Өзіңсің менің көктемім,
Нұрға толы өткенім,
Сенің арқан, жаным-ау!
Бұл мәреге жеткенім,**

деп бір тұлғап таста да, тарта бер, алға! Алда 90 бар, 100 бар. Жазатын кітаптар бар. Атқаратын жұмыстар бар. Корытынды ретінде бір-екі сөз.

Өміріңе керегінді алдың ба?

**Парызың зор қоғамыңың алдында,
Отаның арналады қалдықсыз,
Адал еңбек, намысың да арың да!**

деген 299 беттегі сөздерді өзіңе арнаймын.

Осының алдындағы «Көңіл сырый» деген жинағынан «Қайран ана асылым» аталған шумақтарды оқып, бір жасында жетім қалып, тауқымет тартқан жігіттің анасына арнаған жан қиналысына қосыла күніренген болсақ, мына кітабында Болат ағамыз сол тақырыпты одан өрі дамытып, зарлы дастан деңгейіне көтерген. Элбette, шығарма шылықта өсу-өркендеу деген болады. Бұл — соның **көрінісі**.

Соным ен, ел ағасының үш жинағын қарап отырып, бір-бір ауыздан пікір білдіруді ниет еттік. Сараңдығымыз емес, өлең шіркінді бойына қарап бағалап, ұзын-қысқа қасын кесіп-пішкеннен гөрі, автордың ниеті мен ойын түсініп, тұшынып оқыған дұрыс-ау. Жаңа қолжазбаны қолға алғандағы міндеттім де сыншыл-міншіл болмай-ақ, тілекші болсам, деп едім үмітім акталғандай. Қазақтың қара өлецінің қадірін ерте таныған жігіт ағасының аяқ алысы әлі тың, ойы сергек екенін байқадым. Мен білеттін Болаттың алғашқы өлеңдерінің «Ленниң туында» шыға бастағанына да алпыс жылдан асқан. Сол талабы сағындырып келіп, пісіп, толысып келіп «Дала жыры» жинағын тудырғанын замандастары — біз ұмытқан жоқпыш. Ендеше табиғатынан дарыған тарлан



таланттың жас өскіндерге өнеге сөздері бірінен-соң бірі керуен көшіндей үздіксіз көрініп жатса, қуанайық. Өзі де осы талапқа үндесе сермеп:

**Арайлап, таңың атса, қуанасың,
Қуанбай оған қалай тұра аласың!
Бүгін тағы тың шумак, ойлы жолдар
Оңымен оралар деп, қуанарсың,**

— деп шамырқанады.

Лайым солай болғай. Тірісінде бағаламай, өлген соң «ағалап!» жылағанның көзі шықсын, дегендей, тірлікте сыйласқанға не жетсін! Болат атыңа сай ғұмыр кешіп, болаттай берік сенімді серік етіп, Отаныңа адал қызмет еткен азаматтығынды көзіңе атап айтқым келеді. Өмірдің өлшеулі дәүірінabyroymen өткеріп келе жатқан өнегелі сапарың жалғаса берсе, жай жалғаспай, көрікті ойларын көркем сөзбен көмкерген абыз атаны алдымыздан көргіміз келеді. Және де, Алла қуат берсе:

**Жаза берем, өмірі жаза берем,
Жазған жырым айтылған аза дер ем.
Қырғын құрған лағнет жауыздарға
Біздің үрпақ арнаған сазай дер ем.**

**Жазамын таусылғанша шамам менің,
Жазамын біткенінше алар демім.
Кез жасымды көл қылып жылап өтем,
Ұзамен жан жарамды жырлап кетем,**

деген тілегіңе қанат бітірер қуат тілеймін ағажан! Қара нардай қажыр-қайратыңа сенім артамын, аманатты орта жолда қалдырмассың...



Мына ұсынып отырған кітабыңа Ту еткен, Ұранға бергісіз ұлағатың — «Зарлы Заманның зардаптары» келер үрпақтың басына келмесін. Ақ ниетті, адал батаң қабыл болсын, барша қазақтың бақытына!

Өкшендеңді басып келе жатқан інің Зарқын Тайшыбай, профессор, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері.

20.08. 2018. Қызылжар



Әуелі айтарым бар

1920–1950 жылдары еліміздің жайпап өткен саяси құғын-сүргін-тарихымыздың қаралы беттері. Мұның келтірген саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани зияндары өте өте зор.

Кешегі, бүгінгі және ертеңгі үрпақтардың санасында ерекше орын алатын, ауыр салмақты із қалдырған, ғасырлар бойы өртінің табы басылмайтын, ызғары жылынбайтын қайғы-қасірет.

Бұл адам өмірінде өшпейтін, зардаптары рухани өмірде мәңгі сақталатын, тарихтың қойнында жататын дауылды дәуір, зарлы заман.

Сол кезеңнің болмысы кәдімгі табиғаттағы дүлей дауыл, жынды боран мен теңіздің астан-кестен бұрқырап көбігі аспанға атқан толқынға үқсас көрініс еді.

Айдаһар заман еліміздің арыстарын, зиялыш азamatтарын жұтып, қарапайым халықты сергелденге салып, өз халқының жауын іздеп, «тауып» қырғынның құрбандары қылышп, жетім-жесірлерді қан жылатты емес пе.

Зар заманың зардаптарын қолына қалам алғандар жазып жатыр, жаза да берер. Таусылмайтын тақырып қой, шешіле берер шер, жазыла берер жыр.

Әкемді халық жауы деп қаралап әкеткенде мен бір жаста қалған жетімек үшін, жанына жазылмас жара салған, зардабын жеті жетіммен 37-жасында жесір қалған анам арқылы көріп өскен зілді із қалдырған кесірлі кезең санамда сақталды.

Есім кіріп, ер жеткелі «Ой әке-ау, қайда кеттің адастырып, бұл күнде жетім қылдың жаразтырып, жігіт болып ертең-ақ мен, өзінді іздер едім қаразтырып» деген арманымды есте ұстагам.

1937 жылы қыркүйек айында әкемді Жапонияның жансызы, Кеңес үкіметіне қарсы насиҳат жүргізген деген жаламен абақтыға жауып, сол жылдың қараашасында молланың баласы деген күнәмен атышулы «үштік» ату жазасына бұйырған еken. Бірақ ресми хабар бойынша ол он жылға сотталды деген.

1955 жылы мен сол кездегі Советтер Одағының Жоғары кеңес президиумының төрағасы К.Е. Ворошиловке хат жазып, әкемнің қайда екенін өлі ме, тірі ме қайда деп сұрадым.

Өзім оқып жүрген Омбы қаласының КГБ-іне шақырып. «Әкең Сағындықов Мағаз 1943 жылы қыркүйектің 10-да Қарағанды облысында жазасын өтеп жүрген жерде туберкулезден қайтыс болды.» деп ауызша жауап берді. Кейіннен архивтен білсем әкемнің ату жазасы орындалмапты.

Сонымен бүгінгі күнге дейін ресми орындардан бүгінгі күнге дейін әкем туралы анықтама дерек жоқ.

Міне, бұл да құйтырқы Кеңес заманының сұрқия жай-күйі, барлық халық алдындағы үкіметтің қылмыстарының өте құпия жасалғандарының, жалған ресми құжаттарының бұлжытпас дәлелі.

Ғұмырымның 15 жылын саяси құғын-сүргін құрбандарының есімдерін есте қалдыру ісіне бағыштадым. Өзім басқаратын «Память» қоғамдық қор осы уақыт ішінде айтарлықтай игі істер атқарды.

Алдымен құрбандардың архивтерден толық тізімін жасап, екі томдық анықтама кітаптарын шыгардық та,



аудандарға ішкі саясат бөлімдеріне жұмыс істеуге таратық. «Ақталған есімдер» (Возвращенные имена) атты мың жарым данамен кітап жарық көрді, тағы да бір «Есімдері мәңгілік есте» (Увековеченные имена) атты кітап шыққалы түр.

Облыс орталығында бұрынғы НКВД ғимараты болған жер телімінде құғын-сүргін құрбандарына арналған «Мемориал» біздің ұсынысымызбен, басқаруымызбен он үш жыл ішінде салынды. Біздің білуімізше, бұл мемориал республикадағы облыс орталықтарындағы бірінші кешен.

Мұндағы ескерткіш монумент, 7628 құрбанның есімдері гранит тақталарға қашалып жазылған есімдері бар ескерткіш қабырға, аштыққа және департацияға арналған екі стелла салынды. Біздің облысқа 135 мың он бір ұлттың адамдары депортациямен еріксіз көшіріп әкелгендер. Өкінішке орай облысымызды неше адам аштықтан өлгені туралы еш жерде тіркелмеген.

Ендігі бір жоспарлап ойға алған іс-сол мемориал құрамында құрбандарға, оның ішінде құғын-сүргіннің символы болған ұлы ақын жерлесіміз Мағжан Жұмабаевқа арналған музей салу. Оның мәселесі облыс әкімдігінің қолдауын тауып, жуырда іске аспакшы.

Осы игілікті істің жалғасы ретінде жуырда өзімнің туған ауылым Мамлют ауданындағы «Бостандықта» саяси құғын-сүргіннің құрбаны болған он бір азаматтың (оның ішінде менің де әкем) есімі жазылған ескерткіш ашылды.

Бұл іс басқа ауылдарда, аудан орталықтарында жалғасса нұр үстіне нұр жауғандай болар еді.

Саяси құғын-сүргіннің басталғанына 80-жыл толуына арнап осы «Зарлы заманның зардабы» атты дастанымды

жазып, оқырмандарға ұсынып отырмын. Бүгінгі де, кейінгі де үрпақтарға халқымыздың зор қасірет шеккенін білсін, есте ұстасын, санасына салып ұқсын деймін.

Мұнда әр жылдары жазған, бес жинағыма кірген өлеңдер, газеттерде жарияланған мақалалар бар.



Зар заманның зардабы, запыраны,
Халқымды қасіретке батырғаны.
Уақыт озып ғасырлар өтсе дағы,
Шер болып көкіректе жатыр әлі.

Зарлы заман зардабы

(дастан)

«Ұлы Октябрь» керек пе еді қазаққа,
Келе сала салды емес пе азапқа.
Жалған болды большевиктер ұраны,
Жеткізетін қолымызды азатқа.

Большевиктер насихаты күшті еді,
Насихатқа көнбекенді күштеді.
Кенес келіп жарылқайды дегенге,
Халқымыздың сенімі екі үшты еді.

Қазағымды қырғыз деп бұрмалады,
Байтақ жерді жүлқылап, жырмалады.
Астархан, Орынборды бөліп тастап,
Бөлшектеді байырғы сар даламды.

Егемендік мандаға симады ма,
Республика етуге қимады ма,
Еріксіз колхоздарға жиып-тығып,
Атадан қалған ауыл қирады да.

Малдарын орталыққа тартып алды,
Әр отбасы тұрмысы жартыланды.
Ауылда ашаршылық жұт орнады,
Ел мойнына ауырлық артып алды.

Аштықтың бір кезеңі өтпей жатып,
Зардабы жазылып та кетпей жатып,
Отызыншы жылдары қайталанды
Біріншінің іздері кеппей жатып.

Бұл аштықтың көлемі зор болды ғой,
Халқымды шырмаған бір тор болды ғой.
Қырылыр екі жарым миллион адам,
Қайран қазақ ғұмыры қор болды ғой.

Голощикін билікті алған еді,
Геноцидтік қылмысқа барған еді.
Сұрқия саясатты құрал етіп,
Қазақ үлтyn құрыту арманы еді.

Ауылдарды түбімен жалмап еді,
Елімді ауыр нәубет жайлап еді.
Сұмырайды атарға оғы болмай
Халқымның зығырданы қайнап еді.

Аз тигендей бұл зұлмат шекесіне,
Жолықты елім нәубеттің көкесіне.
Зар заманың қайнаған қазанына,
Тар жолдың тайғағы мен төтесіне.

Сорымызға сорақы мұртты көсем,
Аяусыз зарлатты ғой жүртты көсем.
Отыз жеті жеткізген қасіреті,
Қырып салып қазақты құртты көсем.

Сөзімен социализм құрған болды,
Елінің мұддесіне қорған болды.



Іс жүзінде халқынан жау іздеді,
Миллиондар нақаңтан құрбан болды.

«Тап жауы»-Сталиннің сөзі еді,
Халықтың нағыз жауы өзі еді.
Өз халқын өзі қырған көсемсымак,
Шелей жапқан көрсоқыр көзі еді.

«Көсемнің» іздегені тап жауы емес,
Орнығып өзі отырған тақ жауы еді.
Құрытуды бастады өз қолынан,
Жоюды қауіп-қатер өз басынан.

Әуелі құрбан болды кеменгерлер,
Қоғамда бетке ұстар асыл ерлер.
Екі дайда өзіне қарсы шығар
Осылар ертең басшы болар дерлер.

Троицкий, Бухарин өз қасында,
Өзімен бірге жүрген ел басында,
Осылармен басталды даудың басы,
Құрбандыққа шалынар жаудың басы.

Жайылды құғын-сүргін бар Одаққа,
Кім қалды ілінбеген бұл садаққа.
Сүркия саясатқа құрбан болды,
Қырылды мындаған жан боп садақа.

Жайылды дүлей дауыл елімізге,
Өрт салып қасиетті жерімізге.
Қауіпті қатер төнді ышқындырған,
Кеп төнді біздің әрбір ерімізге.

Ілекті әуелі алаш арыстары,
Ел қорғаған айбатты барыстары.
Ұлттымның ұлағатты ұлылары,
Нағыз ерлер барлық әр ұлыстағы.

Белгілі жүз үш мың жан құрбан екен,
Басында көсемдерім тұрған екен.
Сұмырай большевиктер жендеттері,
Жау ұстар сансыз ауын құрған екен.

Ауларға, о, Құдай-ай, кім түспеді,
Жазықсызды зорлады «жүр тұс деді».
Гүржілері батқан соң амалсыздан,
«Халық жауы» атанды әр түскені.

Нақақтан құрбан болды төре, қара.
«Ұйымдастын топ» болды жеке дара-
Жұрттымды қорқыныш пен үрей басты,
Жан болмады жазықсызға түсер ара.

Белгісіз атылғандар саны әлі,
Ресми хабар жалған ғой бәрі-бәрі.
Мұрағаттар ашылса жарияланып,
Анықталар мәселе бұдан әрі.

Орыс бізді үқалады, иледі,
Жерімізді басып алып биледі.
Соларға бағындық, табындық,
Еш бір табыс қолымызға тимеді.

Орысша қалалар қаптады,
Қазақи атаулар тапталды.



Біздерді үйретіп жатыр деп,
Басқынның істерін ақтады.

Қоғамда болмады парасат,
Биліктे солақай саясат.
Тәуелсіз еркіндік ақтаңдақ,
Алладан тіледік шарапат.

Кеңестер келсе де кем болдық,
Келімсек жұртына жем болдық.
Жарылқап тастаймыз дегенге
Ойладық бәрімен тең болдық.

Тарихтың ашылмаған қатпары көп,
Құжаттардың жасырын жатқаны көп.
Әрине, кез келгенде жарияланар,
Бояуы өніп дақтары көрінер көп.

Бай-манаптың атағы байланғандар,
«Барсакелмес» жағына айдалғандар.
Сотсыз да, тергеусіз де «тап жауы боп»,
Есепсіз жат жұртына айналғандар.

Саны жоқ қашқандардың «іш» жағына,
Елімнің алыс, жақын тыс жағына.
Ағаш-орман арасын паналяған,
Жан сауғалап Ресейдің түс жағына.

Бес миллион қазағым шет елдерде,
Өмір сүріп жатыр ғой жат жерлерде.
Отаныма оралсам деген арман,
Көкейінде сайрайды әрбір ерде.



Депортация деген пәле кеселі,
Көп халықтың сорын етті бес елі.
Жау жағына шығар деген қауіпті,
Ойлап тапқан советтердің көсемі.

Талай үлтты қан жылатып көшірді.
Елі-жұрттың атауынан өшірді.
Корей, неміс, поляктардан бастады,
«Сенімсіздер» үлттың санын өсірді.

Айдал келді қыс кезі қан сонарда,
Аш-жалаңаш дәнeme жоқ оларда.
Айдалаға вагондардан түсірген,
Пана да жоқ қоныстанар, қонарға.

Сорлыларға қолын созды қазағым,
Аз да болса женілдетіп азабын.
Үйлеріне бөліп алып кіргізді,
Біліп, сезіп тағдырдың бұл мазағын.

Елім-жұрттың атқарды ғой өр істі,
Қамқор болды, барыменен бөлісті.
Бөтен демей жанашырлық білдіріп,
Тәлкегі мол тағдырларға болысты.

Тепкісі аздай бұл тағдырдың, ойпыр-ай,
Өмір тағы талқан болды ойсырай.
Ұлы Отан соғысының соққысы,
Елім үшін болды ауыр тосын жәй.

Милиондардың жас өмірін жалмады,
Бас көтерер елде адам қалмады.



Жеңіс үшін тылда жұмыс атқарған,
Жетім-жесірге түсті оның салмағы.

Қарақағаз күнде ауылға келеді,
Қайғы-қасірет мәндайларға тебеді.
Майысса да сынбайтұғын халқымыз,
Ертең жеңіс келеді деп сенеді.

Жендік әзер тауқыметін соғыстың,
Көрсеттік біз үлгілерін оң істің.
Майданда ерлер, тылда біздер күрестік,
Жан аямай жақындантып жеңісті.

Кеңес кезі зар заманның жалғасы,
Дауылды өзен азаймаған арнасы.
Сталиннің сұмырай-сұм ісінің
Ізі еді – тағдырыма таңбасы.

Таңбасының өшірілмей қалғаны-ай,
Жырланғандай зарлы әнде «Заманай».
Ұлттымызға қасірет татқан сынақтар,
Қасиетті Семей жерін етті лай.

Тағдыр соры біздің жерге бұрылды,
Отыз жылдай кәрі-жасым қырылды.
Қарғыс атқан бұл нәүбетті атамай,
Аттап етіп жазармын мен жырымды.

Бұл дастанда болмас қазір жалғауды,
Керек етер жан-жақты етіп талдауды.
Тағдырдың бұл естен кетпес қасіреті,
Уақыт бөліп жазу керек арнаулы.

Ойхой, шіркін, зар заманның зарын-ай,
Өттік осылай ештеңеге жарымай.
Не көрмедік, не өтпеді басымнан,
Қалай қалсын бойға дерті дарымай.

Өтті, міне, содан бері сексен жыл,
Жүргімде тұр ғой әлі сойқан зіл.
Осыншама қасіретке батырған
Басқыншылар өкіметіне болдық құл.

Езіліп те, басылып та қалғанбыз,
Құдайсыздар тәрбиесін алғанбыз.
Қарсыласар бізде пікір болған жоқ,
Бодандықты санамызға салғанбыз.

Зардал шеккен жетімдердің бірімін,
Сексен екі жаста әзірге тірімін.
Бір жасымда айырылыптың әкемнен,
Ізі жатыр жүргімде сол қасірет кірінің.

Отыз жеті ату жаза беріпті,
Атылды деп жалған хабар келіпті.
Ал мың тоғыз жұз қырық үшінші жылында,
Қарағанды лагерінде өліпті.

Бұл ресми мүлде жалған хабары,
Жылмысқылық болмасын деп табары.
Өлгендердің із-түзі жоқ бол шықты,
Міне, осылай сұрқиялар назары.



Іздемеген болмай отыр жер менде,
Көкке ұшып кетті ме еken ол пенде.
Көмген жерді тапсам деймін шіркін-ай,
Топырағын іскеп, сүйіп келем бе?!

Мұңайамын, езіліп, қайғы жеңіп,
Күйзелемін, моимын, шамам кеміп.
Бір шықпайды есімнен сорлы әкем,
Әлсіреп көз жасыма берем ерік.

Қайран әкем қалай ғана өлді еken,
Қыршынында шырағы оның сөнді еken.
Адам емес мал өлігі сияқты,
Лағнеттер қай шұңқырда көмді еken.

Әкем жатыр архивтерден табылмай,
Іздеудемін қойғаным жоқ дамылдай.
Еш жерде жоқ сұрауымның біріне,
Жалғандықты ала алмаймын қабылдай.

Жерге сіңіп кетті ме еken су болып,
Аспанға ұшып кетті ме еken бу болып.
Бұл тағдырдың тәлкегіне не дерсің,
Тітіркенем тұл бойыма у толып.

«Ақ түрмеден» әкетті ме құжатсыз,
Құпиямен жөнелтті ме еш атсыз.
«КАРЛАГ» қалай қабылдады қағазсыз,
Неге алдаған үкімет-ай ұятсыз.

Халқымызды алдап келді лепіріп,
Сұрауларға жауап берді өтірік.



Большевиктер көп шындықты жасырып,
Бақытты өмір үағыздады көпіріп.

Жан анаммен бірге жылап, боздадық,
Хабар алар істі талай қозғадық.
Өлді деген хабар алып көндіктік,
Бір Алланың жазғанынан озбадық.

Тым болмаса көмген жерді тапсақ қой,
Аруағына мұңымызды шақсақ қой.
Дүға оқып, иман тілеп, басына
Шырақ отын қолымызбен жақсақ қой.

Қашанғы біз осылай зарлап, жылаймыз,
Қайғы отына қүйіп, жанып, шыдаймыз.
Үкімет боп іздел табу ісіне
Кірісуін Елбасынан сұраймыз.

Тауыспаспын зардаптарды біз шеккен,
Зомбылықты жарамызға у сепкен.
Миллиондарды зар жылатқан зар заман,
Теперішті тағдыр салған бұл неткен!

Құрбандардың есімдерін қалдыру,
Парызымыз ескерткіштер салдыру.
Тарихтың бұл қасіретті кезеңін,
Әр уақытта жүрт есіне алдыру.

Қалай ғана өткереміз парызды,
Аталарға өзіміздің қарызды.
Үрпақтарға қаз-қалпында жеткізу,
Бүгінгінің борышы ғой маңызды.



Өңірімді аттамапты бұл қырғын,
Халық жауы атаныпты көп түрғын.
Қуғын-сүргін алапаты аймақты,
Жайпап өтті тып-типыл қып құрдым.

Облыста сегіз мыңдай азамат,
Құрбан болды кінәменен ғаламат.
Бірі атылды, бірі айдалды Сібірге,
Азапталды, азатындей адамзат.

Жапония «жансыздары» табылды,
Еш кінәсіз абақтыға жабылды.
Жоқ жазықты мойынду ту мақсатпен,
Қара күие беттеріне жағылды.

Орындауға берген нақты жоспарын,
Толтыруға жетпей жатқан бастарын.
Тіміскілеп аямады ешкімді,
Ақымақтар сатып жақын, достарын.

Нақты есеп жоқ аштықтан көп өлгеннің,
Ісіп-кеуіп қаңғып жүріп өлгеннің.
Ешбір жерді тіркелмеген мәлімет,
Саналмаған кімді-кімнің көмгенін.

Есебі жоқ Ресейге кеткеннің,
Босқын болып шекарадан өткеннің.
Еш архивтен бір мәлімет таппайсың,
Қашып жүріп, қанша азап шеккенін.

Орындалып Сталиннің өкімі,
Күшпен келді он бір ұлттың «өкілі»,



Елден, жерден айырылған бейбақтар,
Зарлап, еңіреп, жер жастанып өкірді.

Осы зұлмат құрбандарын еске анық,
Есімдерін сақтау ісін қолға алып,
«Память» атты қоғамдық қор бас болып,
Мемориал қойдық, міне, біз салып.

Кер заманның өткені белес-белес,
Көрсеткені ақиқат, емес елес.
Миллиондардың тағдырын талқандаған,
Қасіреті жалғыз ғана менде емес.

Ұлағатты үрпақтар білсе екен,
Санасына салмақты сіңсе екен.
Мәңгілік тарихында орын алып,
Халқымыз көкейіне ілсе екен.

Оқулықтар бетінде айқындалып,
Жазылса екен өзіне сай құндалып.
Әр мекеннің төрінде орын алып,
Ескерткіштер баяндап тұрса анық.

Парызым деп санасын үрпақтарым,
Құрметтеп аталардың намыс-арын.
Қайта-қайта айтамын, жазамын да,
Аманатты есте ұстап бәрің-бәрің.



Не көрмедің, қазағым не көрмедің?!

Не көрмедің, қазағым не көрмедің,
Зар заманда тірідей көрде едің.
Мың өліп, мың тірілген қазақпыз біз,
Еш зұлматқа көнбейміз деп өлмедің.

Шыдаған тепкісіне сүм тағдырдың,
Батырлық шайқастардан із қалдырдың.
Ұлтымды құрытудан сақтап қалып,
Бүгінгі үрпактарды таңқалдырдың.

Аз болғандай аштық пен қуғын сүргін,
Қолданған құрытудың талай түрін.
Дәрі егіп тарататын түрлі ауруды,
Пайдаланған сүркия іс мәлім бүгін.

Ол дәрісі ағзаға нық қонады,
Біраздан соң адам мәңгі болады.
Қастықпенен халқымызды жасалған
Зұлымдықтың орны қалай толады.

Корқау заман қорлықтары ашылып,
Жанымызды құйзелтеді ашынып.
Нәубеттердің көрсеткенін ұмытып,
Ашу-ыза қалар ма екен басылып.

Дүлей дауыл сол дәүірдің қылышы,
Сталиндік саясаттың былысы.



Санамыздың сандығында сақталар,
Кеңестердің қандай қалған құнығы.

Тар заманның тауқыметін жасымнан,
Өткөрдім ғой сорлы жетім басымнан.
Өзімді-өзім сақтай білдім. Бұл өнер,
Өйткені мен жаралыптын асылдан.

Әкеме

Жендеттер ұстап алып «халық жауын»,
Апарып абақтыға қойған жауып.
Қайран әкем содырлар соққысынан,
Қалыпты ақ түрмеде қаза тауып.

Қайтпадың, қайта ашпадың есігінді,
Тербете алмай кеттің-ау бесігімді.
Әке деп айта алмадым, балаң болып,
Әке аузынан естімей есімімді.

Арқалап, я жетелеп журе алмадың,
Еркелеп, құшағында құле алмадым.
Суретінде қалмапты тым болмаса,
Өзінді бір көруді арманнадым.

«Ой, әке-ау, қайда кеттің адастырып,
Бұл күнде жетім еттің жарастырып»,-
Деуші едім сәби тілмен бала кезде,-
«Ер жетсем іздер едім қаастырып».

Тәркілеп тартып алып малымызды,
Зар еніретіп бір үйлі жанымызды.



Таршылықта тап болдық, мүшкілденді,
Тауып жеу күнделікті нанымызды.

Айта алмадық жан айқай зарымызды,
Жасырдық аянышты халімізді.
Қасіретке бас имей қайсарландық,
Білдірмей жоғымызды, барымызды.

Тауқымет тату етті бәрімізді,
Жеті жетім жасы мен кәрімізді.
Қын-қыстау қыспағын өткергенде,
Кіршікіз таза ұстадық арымызды.

Жетімдік жесірлікке жаратылған,
Қайран анам қажымас асыл тұлға.
Жетімдерді жетелеп жеткізем деп,
Жан ұшырып жүгірдің ойға-қырға.

Әке орнына анашым әке болды,
Сенің арқаң -таныдық, онды-солды.
Мойымадық, талмадық, тайсалмадық,
Өттік біз өмір деген соқпақ жолды.

Кім кінәлі кімге қарғыс айтамын?
Көп ойланып, көп толғанып байқадым.
Көпке келген нәубет қой өз-өзімді
Жұбатамын, ашуымнан қайтамын.

Бұл қасірет енді елімде болмасын,
Қазағымды бір құдайым қолдасын.
Жас балалар жетім болып қалмасын,
Жесірлердің жасқа етегі толмасын.

2002 жыл



Анама

Жетімегін көрмеді әкем жетелеп,
Арманда өттім, айта алмай «әке» деп.
Жетімдікті көрсетпедің, анашым,
Ер жеткіздің, еркелетіп, мәпелеп.

Қасіреттің ашысын көп тарттың сен,
Ауырлықты өз мойның арттың сен.
Ертелі-кеш еңбек етіп тынымсыз,
Зілдей жүкті ауырсынбай тарттың сен.

Көре алмадың рахатын да өмірдің,
Жұрт алдында жүруші едің көңілді.
Оңашада жалғыз қалып, күніреніп,
Зарлап тұрып талай рет төгілдің.

«Халық жауы қатыны» деп қаралап,
Күғындады сені де, о ғаламат!
Жер аударып қой бақызды жаз бойы,
Егін соқтың, ала қыс ел аралап.

Тыныштық жоқ, алды-артың тығырық,
Кәмпескелеп малды алды сыпсырып.
Жесірлік пен жетімдіктің көкесін
Көрдің, жүрдің қорқып-үркіп, ықынып.

Қайсар едің; қажымадың, сынбадың,
Тіршілікке тырмысадан тынбадың.



Тағдыр салған тауқыметке мойымай,
Қайраттанып өзінді-өзің шындағын.

37 жаста жесір қалыпсың,
Әкем жүгін қыр арқана салыпсың.
Өмір жолын сүрінбестен өттің-ау,
Уа, анашым, өзің қандай алышың.

Көтере алдың тағдырың зіл салмағын,
Еңкеймедің, шаршамадың, талмадың.
Ойламадың өз басыңың мұддесін,
Бергенің көп, тым аз болды-ау алғаның.

Жалғызымды жеткізу деп арманым,
80-жылды түгел маған арнадың.
Қызығымды, қызметімді көргенде,
Тәубе, дедің, бергеніне Алланың.

Ақ сүтінді ақтай алмай қалдым ба,
Борышымды толық өтей алдым ба?
Қарыздармын, асыл ана, мәңгілік,
Ұмытпаймын сақталасың жадымда.

Тұғаныңа жұз жыл толды анашым,
65 келіп қалды балашың.
Артта қалған үрпағыңың есінде
Талай жұз жыл ескерткіш боп қаласың.

Қайран әке құғын-сүргін құрбаны,
Өкінішті анаммен аз тұрғаның.
Аруағыңа бас иемін. Ризамын,
Қалдырыпсың артыңда асыл тұлғаны.

Әкемнің қабірін мен таба алам ба?

Мың тоғыз жұз қырық үштің қыркүйегі,
«Карлагта» әкем марқұм қайтқан екен.
Шіркін-ай, табылар ма құр сүйегі,
Мұңайып жылап тұрып айтқан екем.

Кім білсін өзі жеке көмілді ме,
Әлде көппен бір шұқырға төгілді ме!
Таба алам ба әр жерді барлап жүріп,
Қай төбешік қазамын зарлап жүріп.

«Долинкадан» бір ізін табамын ба,
Анықтайдын мағлұмат аламын ба!
Белгісіз ізі-түзі болса егер,
Дел-сал бол аңырайып қаламын ба?

Зираты бола ма екен құрбандардың,
Итшілеп өліп-өшіп, құрығындардың.
Адамға адам екен демегендер,
Не істемеді қасқыр боп ұлығандар.

Жендеттер, тағылыққа сай иттердің,
Қай жамбыға лақтырды мәйіттерді.
Мал құрлы көрмеген адамдарды,
Қарғайын құдайы жоқ қай иттерді.

Халықтың нағыз жауы мұртты көсем,
Ұшыратты қырғынға болмай өлшем.
Жазықсыз миллиондарды қырды лағнет,
Қателік жоқ болмысты құртты десем.



Іздеуді бастар екем қалай, қайдан,
Әуелі «Долинкада» мұражайдан.
Мыңдаған тұтқындардың тізімінен,
Кім білсін, Құдай ондап табам байлад.

Таппасам әке сүйегін бұл КАРЛАГтан,
Іздермін үмітпенен СТЕПЛАГтан.
Көрсем ғой тым болмаса жер телімін,
Сүм дала, сүр далада степь жақтан.

Арналады осы іске қалған жылым,
Жолына арналады барлық пұлым.
Аруағы шат болсын әкетайдың,
Іздеп жатыр мені деп көпей ұлым.

Белгісіз табамын ба, таппаймын ба,
Қарекетсіз, қарманбай жатпаймын да.
Не болса да бел будым, биссиллә деп,
Сенімімді жадымда сақтаймын да.

Таппасам қайда енді барамын да,
Білмеймін қай «Құдайдың» қарауында.
Қара судай қайнаған кегімді мен,
Ой-хой, дүние-ай, кімдерден аламын да.

Сталин жеңдеттерін қарғап өтем,
Таусылғанша өз демім зарлап өтем.
Мәңгілікке басылмас қасіреті
Қарғыстың бар улысын арнап өтем.

Апа-ау, сені аңсаймын андა-санда

Екінші күн тұмауратып жатырмын,
Өткен түнді көзімді ілмей атырдым.
Портретіне қарап толқып кеттім ғой,
Бақсам: сенсіз әлі жетім пақырмын.

Еске аламын өткен өмір кезеңін,
Қарт болатын келді менің кезегім.
Мен сен үшін мәңгі бала, анашым,
«Жарығым-ау» деп түрғандай сеземін.

Деуші едің: «Мен садағаң кетейін,
Құлышым-ау, құлыш болып өтейін».
Көз тірінде риза ете алмасам,
Борышымды енді қалай өтеймін?!

Маңдайымнан бір іскесен өміреніп,
Кеудең керіп, мейірленіп, тебреніп.
Ауруымнан арылар ем әп- сәтте-ак,
Қан жүгіріп бетіме реңім келіп.

Апа-ау сені аңсаймын анда-санда,
Көнілім құлазыса алда-жалда.
Өзеуреген өзіңің өзегіңің
Ыстығы табылады қандай жанда.

2005 жыл



Апа-ау, неге түсіме кірмей қойдың

Анашым, сағынам ғой, сағынамын,
Құлазып, кейде жылап, ағыламын.
Анда-санда түсіме кірсөңші деп,
Аруағыңа табынып, жалынамын.

Неше жыл түсіме бір кірмей қойдың,
Не себеп, назарыңа ілмей қойдың.
Құран-дұға жасаудан жаңылмаймын,
Өкпен бар ма, анажан, білмей қойдым!

Анашым, аңсадым ғой, түсіме кір,
Бетінді әкеп тақашы төсіме бір.
Кеуден керіп иіскеп кетпейсің бе,
Құшағында аймалап көсле бір.

Жетпіске таялсам да, сәбиіңмін,
Көкіргімде әсем үні әлдііңнің.
Білемін аруағың жүр айналамда,
Жанашыры болғанда әр күйімнің.

Анашым білесің бе, сен өткелі,
Басымнан нелер келіп, не өтпеді.
Өзіңсіз жиырма төрт жыл өтіп кетті,
Келіп қалды тағы бір жыл көктемім.

Сағындым, сағынамын, сағынармын,
Аруағыңа бас иіп, табынармын.
Апа-ау, сен түсіме бір кіріп кетші,
Еркеннің бүл тілеуін қабыл алғын!

2005 жыл

Қайран ана асылым

Әкемді ажал алғанда,
Бір жаста жетім қалғанда.
Қайыспадың, сынбадың,
Тағдыр жүгін алғанда.

«Халық жауы» зайыбы,
Заманның салған айыбы.
Айдауда жүрдің аяусыз,
Мұрттының болмай қайыры.

Жаз туса қой бағасың,
Алыстың жайлап даласың.
Жат жерде жүрдің зар жылап,
Жаза алмай жүрек жарасың.

Қыс туса егін соғасың,
Кигенің жүқа, тоңасың.
Қасірет қажап жаныңды,
Күн санап жүдеп, соласың.

Үйдегі жеті жетімді,
Қалған ана жесірді.
Қайғырып құса боласың,
Жия алмай кейде есіңді.

Сол бір нәубет заман-ай,
Зұлымдық құрған қамалы-ай.
Езіп, таптап тастады-ау,
Кімнің болды амалы-ай.



Мұртты сүмымрай өлгесін,
Зұлматты кезең сөнгесін.
Жібіді ана жүрегі,
Қоғамға жылу келгесін.

Қасырет - қайғы көп көрді,
Ерлікпен бәрін өткерді.
Егемендік келген соң
Ана көңілі көктеді.

Айналдым, ана, атыңнан,
Абзал, асыл затыңнан.
Тілім-тілім жүрегін,
Ерлігің кем бе батырдан.

Қасиетті ана киелі,
Қолыңда өмір тиегі.
Азамат аса ардақтап,
Алтын басын иеді.

2013 жыл

Ұлы нәубет

Сексен жылғы тарихтың қара беті,
Өткен жоқ оның әлі қасіреті.
Жау іздеп өз елінен мұртты көсем,
Қырғыннан қалды емес пе ғасыр дерти.

Мына жер НКВД ғимараты,
Тұрғанда жан түршігер қаралы аты.



Бұл тамүкқа қамалып, қиналғанды
Осы өнірдің мындаған азаматы.

Қайнап тұрды НКВД қазаны,
«Үштіктер -ақ» шығаратын жазаны.
Бірі атылса, біреуіне жазылды,
Сталиндік лагерлердің азабы.

Тұн жамылып келеді еken көліктер,
Көліктерге артылады өліктер.
Қай шұқырға көмгендерін жасырып,
Құпияны біле білсен, көріп-көр.

Сезбеді ешкім әкелерді атқанын,
Шәйіттердің қай шұқырда жатқанын.
Біздер үшін әлі күнге беймәлім,
Мәйіттердің беттерін де жапқанын.

Біздің ғана бір өнірден кеткені,
Анықталды сегіз мыңға жеткені.
Айдалғандар, қашқандардың саны жоқ,
Қуғын-сүргін құрбандары еткені.

Тап жауы деп кәмпескелеп байларды,
Неше мыңы көкарап ға айдалды.
Зарлап кетіп ел-жұртынан айрылған,
«Барса келмес» тұрғынына айналды.

Сан-алуан ел-жұртымен қашқандар,
Жан сауғалап шекарадан асқандар
Миллиондап саналады қатары
Босқындар бол шет жерлерді басқандар.



Желеу етіп сенімсіздік халқына,
Салмай ешбір заң түрінде талқыға.
Миллиондарды жер аударды жазықсыз,
Дүркіретіп, қаратпай алды-артына.

Қан жылатып туған жерден көшірді,
Отандарын тарихтан өшірді.
Қатын-қалаш, бала-шаға зар жылап
Зорлық пенен зомбылықтан өкірді.

Қайда қалды арыстардың сүйегі,
Абзалдарды ойлап жаным күйеді.
Қарғыс атсын қан жылатқан халқымды,
Сталиндік большевиктік жүйені.

Не көрмеді тарихта қазақ елі,
Өткергені басынан азап еді.
Құғын-сүргін нәубеті өрт боп тиіп,
Тұншықтырды халқымды ажал демі.

Тумай жатып қасіретін менде көрдім,
Замандас, мен көргенді сен де көрдің.
Жұртыйның ашы зарын, қайғы-мұнын
Ерте арқалап мен көндім, сен де көндің.

Мұртты көсем сұмырай зар жылатты,
Қазағымды қаңғыртып, ыдыратты.
Миллиондап ішке көшті, шетке қашты,
Бай-манап деп Көк аралға зымыратты.

Большевиктер іздеді «халық жауын»
Жазықсыздар атылды ажал тауып.

Бірін-бірі көрсетті, пәле салып,
Үрейленді, дүркіреп қалың қауым.

Екінің бірі кетті бекер емес,
Санына ешкім әлі жетер емес.
Бір ғасырдай уақыт өтсе дағы
Зардабы ұмытылып кетер емес.

Тарихтың бұл нәубетін ұмытпайық,
Құрбандардың есімін ұлықтайық.
Егеменді ел болдық тәуелсізбіз,
Алапатты енді елге жуытпайық.

Ескерткіш қып қағайық алтын қазық,
Мраморға мыңдардың атын жазып.
Кейінгі үрпақ өзіне сабак етіп,
Таусылмастай рухани алсын азық.

Мемориал тұр Қызылжар төрінде,
Анадайдан көзге анық көріне.
Бұл тарихи ескерткіш қой мәңгілік,
Мұң салады келгендірдің көніліне.

Символындағы бауыластар зираты,
Аруақтарға арналған сый -сияпты.
Басына кеп тағым етер үрпақтар,
Еске алып, ұлықтайтын үн қатар.

Талай жылдар өтіп жатыр зымырап,
Қазақ елі Мәңгілік Ел боп тұрад.
Халқымыздың бастан кешкен нәубетін,
Баяндайтын бейне бір шам-шырақ.



Бұл қасірет кетсін дейміз келмеске,
Ендігәрі ел шетіне енбеске.

Ант етеміз үрпақтардың алдында,
Жат саясат ықпалына көнбеске.

Бұл бүгінгі ізгілікті ісіміз,
Біздің үрпақ қалдырған төл ізіміз.
Откердік бір қасиетті парызды,
Зардап шеккен жандардың біз біріміз.

Ей, жас үрпақ! Сендерге бұл аманат,
Өздеріңе өткендерден сәлем хат.
Құрбандарды ұлықтаңдар ұмытпай,
Бастарыңа келмесін еш жаманат.

Анама

Жапырағың жайқалған кезің еді,
Ойын-құлқі дегеннен безіп едің.
Халық жауы әйелі боп айдалып,
Жұмыстарға елдерді кезіп едің.

Қой бақтың жаз бойына бір жат елде,
Егін соқтың қырманда бір жат жерде.
Қақаған аязында ала қыстың,
Жұмысын атқарыпсың бірдей ердің.

Дәл тамұқтан кем емес көрген күні,
Аш-жалаңаш жұмыста күні-түні.
«Лә» деуге мұршасы келмеген ғой,
Естілмеген ешкімге зарлы үні.

Өмірі өтті кеңестің құлдығында,
Сұмырай большевиктер құрығында.
Әкемді азып-тозып күткен еді,
Жете алмай жазасының шындығына.

Бір қора жетім қалды қарауында,
Ашы тағдыр бүйірды «қалауына»
Бақытсыз балалық шақ бәрімізде,
Өтті ғой жоқшылықтың алауында.

Құлағымда тұрады ашы зарың,
Жанымда күтетінмін басыларын.
Сонғы үмітің мен едім, күткенің де,
Ер жетсем қабағыңың ашыларын.

Анашым, орындалды армандарын,
Көргеннің бәрі артта қалғандарын.
Жалғызыңың ер-жетіп, азамат боп,
Көрдің сен биіктерді алғандарын.



Анашым-ау, сағынамын өзінді

Дәл тұсымда суреті түр анамның,
«Құлдығың боп кетейін» дер панамның.
Әттең ғана айта алмайсың, тіл бітіп,
Міне, ауырып жатқанын бұл балаңның.

Суретіңе қараймын да жылаймын,
Жылаймын да көзім жасын бұлаймын.
Төзімділік қасиетінді еске алып,
Ауруымның батқанына шыдаймын.

Апа-ау білем келе алмайсың қасыма,
Иіскеп, сүйіп, отырмайсың басымда.
Қайратымды қайрап қойып, ширақтап,
Дер едің-ау, «Құлышағым жасыма»

Анажан-ай, үндесейші, сөз қатып,
Куаныштан жүрегімді қозғалтып.
Бала кездей сүйе алмаймын, құшақтап,
Отырмын ғой өзімді өзім боздатып.

Апа, саған баладаймын баяғы,
Өмірде кім дәл өзіндей аяды.
Сезгендеймін аруағың еміреніп,
Тебіреніп, құшағын кеп жаяды.

Анашым-ау сағынамын өзінді,
Естісем-ау, жүрекжарды сөзінді.
Толқып кетем, елжіреймін сәбидей,
Көрген сайын суреттегі көзінді.

2017 ж. қараша

Анашым, естисің бе мұн зарымды

Сексеннің сенгіріне шыққанымда,
Тауқыметтің талайын жыққанымда.
Мұнайып мойыдым ғой, мойыдым ғой,
Қарттықтың кеп қалғанын үққаным ба!

Анашым, саған, міне, айтарым бар,
Ақтарар тағы да жан-айқайым бар.
Ағыл-тегіл төгемін көз жасымды,
Осылай іш босатып қайтарым бар.

Тағдырдың тартқан торы аз болмады,
Қарттықта аспан ашық, жаз болмады.
Қара бұлт қайта-қайта қараңғылап,
Қара бастың көргені мәз болмады.

Қартайғанда хал бітіп, қанат талды.
Құдайым қыршынында Жанатты алды.
Қайғысы, қасіреті аз болғандай,
Науқасқа байлап қойды Мұратжанды.

Ол аздай Бейнегүлім шалдығыпты,
Бір ауру өз құрығын салып мықты.
Құдайым жар бола гөр, жалынамын,
Тағы мені жылатпа, табынамын.

Жеңе алмай маңдайдағы қалың сорды,
Бұза алмай маңайдығы қалың торды.
Бір жасымнан әкеден жетім қалып,
Жылай-жылай көкірегім қанға толды.



Анашым, естисің бе мұң зарымды,
Білмеймін, қайтіп айтпай, тынарымды.
Шалдықтым, шаршадым ғой, жанашырым,
Жанымды, айтшы, қайда тығарымды.

Көтеріп неше түрлі сыныңды, Алла,
Ақтардым зарлап тұрып сырымды, Алла.
Нұрыңды төқ, жаратқан, жалғызыңа,
Тілеумен жаздым осы сырымды, Алла.

Жазылмас жан жарасы

Жиырмасыншы ғасыр сыры сан қилы,
Бір өзіне талай-талай лаң сыйды.
Ел басына түсті ауыр қасірет,
Жау атанып асылдарым жан қиды.

Бізге келген сүм тағдырдың нәубеті,
Өзімізді өзімізге жау етті.
Қайран халқым қанды қара жамылды,
Қырды, жойды сан мыңдаған әулетті

Кез келгенге тауып пәле жабылды,
Жапондардың жансыздары табылды.
Төре демей, қара демей – бәрінін,
Беттеріне қара күие жағылды.

Жау іздеғен жауыздар ел торлады,
Ұстағанды «жансызың» деп қорлады.
Толтыруға жоғарының жоспарын,
«Кеңес жауы едім» деуге зорлады.



Тергеушілер түрлі амал қолданды,
Ұрды, соқты, көз қызырып долданды.
Үйқы бермей күндіз-түні тепкілеп,
Дегеніне көнбей қарсы болғанды.

Қайнап тұрды НКВД қазаны,
«Үштіктер»-ақ шығаратын жазаны.
Бірі атылса, біреуіне жазылды,
Сталиндік лагерлердің азабы.

Сезбеді ешкім әкелерді атқанын,
Шәйіттердің қай жамбыда жатқанын.
Біздер үшін әлі күнге беймәлім,
Мәйіттердің беттерін де жапқанын.

Біздің ғана бір өнірден кеткені,
Анықталды сегіз мыңға жеткені.
Айдалғандар, қашқандардың саны жоқ,
Құғын-сүргін құрбандары еткені.

Тап жауы деп, кәмпескелеп байларды,
Неше мыңы «Көкарапға» айдалды.
Зарлап кетіп ел-жүртynan айрылған,
«Барсакелмес» тұрғынына айналды.

Сан алуан ел-жүртymen қашқандар,
Жан сауғалап шекарадан асқандар.
Миллиондал саналады қатары,
Шет жерлерді босқындар бол басқандар.

Қайда қалды арыстардың сүйегі?
Абзалдарды ойлап, жаным күйеді.



Қарғыс атсын қан жылатқан халқымды,
Сталиндік, большевиктік жүйені!

Бұл қасірет кетсін дейміз келмеске,
Ендігәрі ел шетіне енбеске.

Ант етеміз арақтардың алдында,
Жат саясат ықпалына ермеске.

Әкем қаны тамған жер

Осы жерде жан кешті әкем пақыр,
Тамшылаған қып-қызыл қаны жатыр.
Қарғыс атқан ғимарат қиратылып,
Тып-типыл орны қалды тегіс, тақыр.

НКВД – әзіреіл ғимараты,
Жойылды малғұндардың аты-заты.
Басын жүтқан жазықсыз талайлардың,
Абзал жандар мерт болды, кетіп қапы.

Осы алаңға келгенде толқып кетем,
Әлденеден шошынып, қорқып кетем.
Азаппен қаза тапқан әкемді ойлап,
Тыя алмай көз жасымды көл қып кетем.

Жазаланды-ау талай жан тек, нақақтан,
Өлім құшқан азаппен оқтан атқан.
Қасиетті алаң деп, қастерлейік,
Асылдардың жері деп қаза тапқан.

Әке сенің жаққан шамың сөнбейді

Ғасырдың зор нәубеті қырсығынан,
Әкежан қыылдың-ау қыршыныңнан.
Тұскесін анам тағдыры құрсауына
Сабақ алған қасірет қыр-сырынан.

Қаңырағанда әке сенің тұрағын,
Сөнгендей боп қалып еді шырағын.
Жасқа толған жас қанаты қатпаған,
Қалды артында көпей ұлың-қызығын.

Батыр анам өшірмеді шырақты,
Иесіз етпей шаңырақты -тұрақты.
Жеті жетім қарауында қалғанда,
Бытыратпай бастарын нық құрапты.

Әке сенің жаққан шамың сөнбейді,
Егеменбіз, нәубет қаупі төнбейді.
Ұрпақтарың өсіп, өрбіп келеді,
Әз есімің ешқашанда өлмейді.



Жүргегімнің зары

Қан аралас көз жасыммен жазамын,
Абақтыда әкем көрген азабын.
Ғазірайыл жендеттердің оғынан
Қырық бесінде келді-ау сенің ажалың.

Не көрмедің қайран менің қазағым,
Бастан кештің талай түрін жазаның.
Өз елінде өз халқыңың «жауы» бол,
Көрдің, ой-хой отаршылар мазағын.

Соңғы демім таусылғанша жазамын,
Өткерді елім көкелерін азаның.
Бүгінгі ұрпақ, келер ұрпақ білсін деп,
Тарихымның ұмытылmas сабағын.

Аңқау халқым ұлылышын паш еткен,
«Мұртты қесем» өз халқына қас екен.
Миллиондардың қан жылаған, зарлаған,
Жүректерін нағылает, атсын тас еткен.

Құғын-сүргін – жазылmas жан жарасы,
Жоқ қой бүған еш адамның таласы.
Ашылғанда ақиқаты өткеннің
Анықталды ағы менен қарасы.

Тарихтың қаралы сан беттерін,
Шерге толы өткені мен кеткенін.
Талай жүз жыл ұлағатты ұрпақтың
Мен қалаймын дәріс- сабақ еткенін.

Құғын-сүргін құрбандарын еске алып,
«Қылмыстарын» сарапасам дес салып.
Жауыздардың ойлап тапқан жаласы,
Айқындастық, оқып, біліп, көз қанып.

Қайран әкем

(әкем Мағаздың туғанына 110 жыл)

Қайран әкем, қыршыныңнан қылдың,
Бастан кешіп ауқыметтің қынын,
Қырық бесінде өмірменен қоштасып,
Көре алмай бетін тағдыр сыйының,

Сеніп едің большевиктік кенеске,
Көтеруге ұжымшарды белеске,
Еңбегінді «зор бағалап» жауыздар,
Халық жауы еткен солар емес пе.

Пайда болып «ұштік» деген пәлекет,
Жасау үшін қасіретті әрекет.
Сол нәубеттің құрбаны боп жазықсыз,
Айталаудым өз әкеме «Әке!» деп.

Ризамын өмір бердің сен маған,
Бұл әлемде жоқ қой саған тең адам.
Қолдан келген іс-шараны жасаймын,
Өтеу үшін борышымды мен саған.

Есімдері мәңгі есте қалуға,
Аруақтарды келіп еске алуға,



Аянбадым, ат салыстым бас болып,
Құрбандарға ескерткішті салуға.

Қызылдармен келген заман кер болды,
Ел көргені қасірет болды, шер болды,
Осы ескерткіш түрғызылған бүл алан,
Бұдан былай қасиетті жер болды.

Өзім, әке, шынығумен ер жеттім,
Анам барда, айтпады ешкім деп жетім,
Аруағыңа бас иемін құрметтеп,
Аяладың, ебеп-жебеп ер еттің.

Ағам көрді зар заманның запысын

Ағам көрді зар заманның запысын,
Бұзды талай азаматтың қақысын.
Он жасында жетім қалып әкеден,
Өтті талай қайғылы, мұң сатысын.

«Халық жауы» баласы деп қорлады,
Ара түсіп, кім сорлыны қолдады.
Жылап жүріп жетімдіктің жолында,
Қайсарлықпен езілуге болмады.

Ақтаймын деп жанға күйе жаққанды,
Әкемізге жау жаласын таққанды.
Он алтыда екі жасты қосты да,
Қан майданға өз еркімен аттанды.

Керчъ деген жерден соғыс бастады,
Жауды қуып Қырымды артқа тастады.
Жас жауынгер қанды қырғын жолымен
Жетті ақыры Берлинге -жаяу асқары.

Оралғанда қан майданнан жарапалы,
Кез болыпты тағы күндер қаралы.
Екі мәрте қызметтөн қуылды,
Еске салып бетке жаққан қараны.

Әке ақталып ресми хабар жеткенде,
Куанышқа бөлел үйді кеткенде,
Көрсөң ғой сол сәт ағамды жылаған,
Көздің жасын төгіп көлдей еткенде.

Болды сол кез ағамның зіл кесімі,
Өзгертілді өз әкемнің есімі.
Мағазовтан Сағындықов болдым мен,
Бұл да, міне, зар заманның шешімі.

Амандық пірәдар атам

Сағындық атамның аштан
өлген ағасының аруағына

Қуғын мен зор аштық келді қатар,
Қазағым қашқанда қалмады жер таңдар.
Босқындар ішінде атамның бір ағасы,
Болыпты ел қарты Амандық пірәдар.

Тығылған жерлері ресейдің орманы,
Қашқындар жүрттына болмапты қорғаны.



Азып-тозып жортқанда жаяулатып,
Тәуліктеп ас-суы оларда болмады.

Қарлы қыс алқымнан алыпты,
Қарттарын ит шанаға салыпты.
Аш-жалаңаш аязда нәр татпаған
Әлі кетіп, пірәдәр, қажыпты, налыпты.

Қаңғырған ағайын-азыпты-тозыпты,
Бұларға қандай жан қолдарын созыпты?
Бір күні бір орман бауырында,
Сорлы атам өмірден мәңгіге озыпты.

Қадірлі пірәдәр жүдепті, солыпты,
Еңгезер денесі бір уыс болыпты.
Жат жерден топырақ бүйірды,
Ағайын жүргегі қазаға толыпты.

Жерлепті осында топырақ салыпты,
Жат орман шетінде төмпешік қалыпты.
Басқаша амал жоқ, Алланың жазғаны,
Қайран асыл қазағым мойнына шер алыпты.

Менің атам миллиондардың бірі ғой,
Бұл сүм заман кетпес жанның кірі ғой.
Болдырмайтын бұл нәубетті ешқашан,
Есте ұстайтын қуатты үрпақ тірі ғой.

Ұмытылмас зар заманың зардабы,
Әлемде жоқ қылмыстарға барғаны.
Айтармыз да, жазармыз да толлассыз,
Бабалардың қорланған әз арманын.



Как завещание потомкам

На месте бывшего заточения «врагов народа» в Петропавловске предлагается создать музей памяти жертв массовых политических репрессий.

В многовековой истории нашего народа, пожалуй, не было страшнее трагедии, чем массовые политические репрессии. Многомиллионные жертвы принес сталинский тоталитаризм.

Голоощекинский голод тридцатых годов, преследовавший осуществление геноцида, так называемая классовая борьба против зажиточных слоев населения – ликвидация баев со ссылкой их в районы Аральского моря – острова «Барсакелмес» и «Кокарал»

Избегая коллективизацию и других последствий тоталитарного режима миллионами бежали казахи за границу, испытывая на своем пути нечеловеческие муки: войны, голод, болезни и смерть, унижения чести и достоинства человека на чужбине.

Особую черную страницу истории нашего многострадального народа составляет массовая политическая репрессия, жертвами которых стали ни в чем не повинные люди.

По некоторым данным число пострадавших доходит до шестидесяти миллионов человек, Это – жертвы:



расстрелянные, сгнившие в сталинских лагерях и пострадавшие: жены, дети, матери и близкие «врагов народа»

Без боевых фронтов, в мирное время в результате неимоверной жестокости большевистской власти под началом усатого вождя. Наш народ стал врагом собственного народа.

Ни чем невосполнимые слезы матерей и детей, страдания всего населения ничто не может стереть с памяти поколений.

Какую великую утрату для общества составляют репрессии в отношении сливков народа- прекрасных общественных деятелей, настоящих патриотов и борцов за независимость и будущего собственной страны.

Их имена золотыми буквами написаны в нашей истории.

Как наше нынешнее, так и будущее поколения не забудут страшные последствия этой великой трагедии.

В нашей Северо-Казахстанской области прямыми жертвами массовых политических репрессий стали почти восемь тысяч человек, из них считается, расстреляны 1465 человек, хотя это число не соответствует действительности. Как теперь стало явью число расстрелянных здесь скрывали и отписались, что якобы они осуждены на 10 лет.

Чтобы не быть голословным я приведу лишь один пример.

Мой отец Сагиндыков Магаз, осужденный по 58_ой статье, официально считался как осужденный на 10 лет.

В 1955 году я обратился на имя тогдашнего председателя президиума Верховного Совета СССР Ворошилову К. Е с просьбой сообщить о судьбе своего отца.

Мне в управлении КГБ г. Омска, где я учился, дали официальный ответ о том, что он, мой отец, 10 сентября 1943 года умер от туберкулеза в местах отбывания наказания в Карагандинской области.

Позже в 90-годы как выяснилось в архиве КНБ у нас, он расстрелян 1937 году по приговору тройки.

Оказывается, по крайней мере, многим давали такой же ложный ответ. Причем отвечал никто-нибудь, ничего-нибудь, а верховная власть союза СССР!

Пора рассекретить личные дела репрессированных. Что и от кого держать в секрете. Кстати, в России рассекретили.

Пиком политических репрессий, приведенных в 20-ые 50-е годы, считается обобщенно 37-й год. Через 6 месяцев наступает 80-летие этой трагедии.

Надеемся, что это дата и ныне будет отмечена, как подобает.

Поувековечению памяти жертв массовых политических репрессий в нашей области проводятся значительные работы.

Общественным фондом «Память» в течение пятнадцати лет проделана немало дел в этом направлении.

Выпущен справочник в 2-х томах с краткими данными каждого осужденного: где и когда родился, кем работал, за что и по какой статье осужден, когда и кем реабилитирован, кто остался после него из семьи, по районам и алфавиту.

Выпущена совместно с центром «Асыл мұра» книга под названием «Ақтөлған есімдер» (Возвращенные имена) тиражом 1500 экземпляров.

Так же готова к выпуску книга «Есімдері мәңгі есте» – «Увековеченные имена»



На страницах местных газет телеканалов мы выступил с обращением к детям, внукам, близким родственникам репрессированных, руководителям организаций, предпринимателям об оказании финансовой помощи.

На телеканале «Казахстан – Петропавл» был организован телемарафон, позволивший собрать значительную сумму. В нём приняли участие все районы области и город, более 40 человек внесли свои пожертвования. Среди них наибольшие суммы внесли братья Биляловы, Абиев Е., братья Брушкевичи, Чеусов П.А., Аубакирова К., Мадьярова А.И., Марцинкевич И.П., Джелбулдины, Садвакасов С., Барлубаев Н. И многие другие. Подрядчик строительства объекта «ИП Любимов» хорошо и в срок выполнил весь объем строительно-монтажных работ.

Не меньшие трудности представляли сбор и составление списка репрессированных. Дело, как оказалось, деликатное, ответственное и сложное. Предоставление списков было поручено районным и городскому отделам внутренней политики. Свод и контроль возлагались на управление внутренней политики, областной архив и общественный фонд «Память».

Большую упорную, кропотливую работу со списком, печатанием огромного объема провела моя супруга Куннанар Кабдушева. Благодаря её постоянной поддержке и помощи стало возможным многое в работе нашего фонда.

Делуувековечения памяти жертв репрессий, что является уставными видами деятельности общественного фонда «Память», служит подготовленный двухтомный справочник, содержащий список жертв массовых политических репрессий по Северо-Казахстанской области и краткие сведения о них. Хочется выразить

признательность за содействие в его составлений сотрудникам управления Комитета национальной безопасности по Северо-казахстанской области. Позже, в 2008 году нами совместно центром «Асыл-Мура» издана книга «Ақталған есімдер» (Возвращенные имена) тиражом 1500 экземпляров, с воспоминаниями детей, внуков, близких жертв репрессий, выступления, а так с архивными и статическими материалами по этой теме.

В результате напряженной работы сотен людей: инициаторов, руководителей, ветеранов, потомков на Стену памяти занесены имена 7612 человек.

Невозможно забыть 31 мая 2013 года, когда в официально установленный день памяти жертв политических репрессий состоялось открытие Стены памяти. Это был день скорби и просветления души людских, исполнивших долг памяти. Мне запомнилось как одна пожилая женщина безудержно плакала перед стеной, напротив фамилии своего отца. Да она была не одна. Сотни тысяча людей ходили вдоль стены и находили имена своих родных. Было такое чувство, что только что прошли похороны. Действительно, многие из нас как будто и в самом деле наконец-то похоронили близких, а стена стало братской могилой. Ведь настоящие могилы, если они где-то есть так останутся безвестными.

Трудно описать моё состояние. Конечно, присутствовало чувство удовлетворения достигнутой целью. Но как человек, который пережил то народное горе, не мог отстраниться от нахлынувших эмоций. Оставшись гдовальным ребенком, я так не увидел отца, сгинувшего в застенках НКВД. Видел страдания матери, заклеймённой женой «Врага народа». Сам носил такое же клеймо как сын изменника Родины и по совету старшего



брата изменил фамилию, превратившись по документам в племянника отца.

В течение всех прошедших лет и сегодня при встрече земляки от всей души и сердца выражают благодарность мне как инициатору этого благородного дела. Потомков безвинно страдавших так много, масштабы репрессий так велики, что мне порою кажется что у нас нет ни одной семьи, не пострадавшей от этой чудовищной трагедии.

Сейчас на месте бывшего НКВД сформировался комплекс из памятника жертвам политических репрессий и Стены памяти. Но память о безвинно погибших должна быть вечной и объективной. Именно по этому стена по мимо имён жертв, включает два постамента с указанием количества депортированных в область в разный период истории с указанием республик, краёв и областей, откуда они были насильно переселены. Ещё один постамент посвящён памяти погибших в голод тридцатых годов. На сегодня, однако, нет памятника жертвам голода двадцатых. Но надеюсь, после выявления достоверной информации о количестве жертв, этот пробел будет восполнен.

К сожалению, сегодня долг памяти перед безвинными жертвами государственной карательной машины исполнен не в полной мере. Я считаю, что для завершения строительства Мемориального комплекса необходимо построить здесь музей жертв политических репрессий, нашему великому Магжану Жумабаеву. Это уместно еще и потому, что музей в с. Сартомар, расположен далеко от областного центра, и его посещение очень затруднено.

Неотъемлемой частью деятельности общественного фонда «Память» является неустанная работа по внесению дополнений и изменений в закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года. Статья 22 этого Закона гласит о статусах жертв и пострадавших от репрессий. О жертвах понятно, а вот о пострадавших в данной статье написано: «Пострадавшими считаются дети, не достигшие восемнадцатилетнего возраста и оставшиеся без родительского попечения». И если у меня отняли только отца, то я пострадавшим не отношусь. Конечно же, оставшихся в те годы без обоих родителей и воспитавшихся в детских домах, немало. Но гораздо больше тех, кто сиротствовал и страдал, от гонений, с малых лет был занят непосильным трудом в колхозах, при голодающих и подвергавшихся издевательствам материях.

Мои неоднократные обращения к депутатам парламента (до 13 раз) в депутатскую фракцию партии «Нур Отан», в Правительство Республики, в течение всех этих 20 лет безрезультатны. Хотя есть в подобном законе РФ четко написано: «...оставшиеся без родительского (без одного и без двух) попечения». И спрашивается, почему так разнятся законы, ведь Сталин был общий, трагедия была общей, страдал один народ. К слову, личные дела осужденных по статье 58 в России рассекречены, а у нас нет. Может настанет время, и закон будет откорректирован. Но тогда эти дополнения и изменения распространять будет на кого. Нас, детей репрессированных, уже сегодня можно сосчитать на пальцах.

Кстати, неполноту и неточность, допущенные при подготовке и принятии закона, признают Генеральная прокуратура, Верховный суд и Министерство юстиций



Республики, но за этим следует законодательная инициатива, призванная изменить ситуацию.

Таковы итоги деятельности общественного фонда «Память» на сегодняшний день. Как видите, нам рано успокаиваться. Долг памяти перед погибшими, долг перед уходящим из жизни поколением жертв террора должен быть исполнен до конца.

Б. Сагиндыков,
Председатель фонда «Память»

Жүректегі айықпас жара

Осыдан екі жыл бұрын Қызылжар қаласының орталығыда Құғын-сүргінге ұшыраған адамдарға арналған мемориалдық тақта ашылып, онда жетім-жесірлердің әкелерінің, аталарапының, күйеулерінің аты-жөні жазылды.

Сол тізімде менің де әкемнің аты бар. Сол жазуды көріп әкем тіріліп келгендей, тасты алақаныммен аялап көз жасыма ерік бердім. Сол сәтте менің бүкіл балалық шағым көз алдымға келді.

Әкем, Бащығұлов Құлжабай елде болып болып тұрған кезінде 9-тамызда 1937 жылы тұтқындалды, сондағы таққан кінәләрі «байдың баласы». Шешем марқұм 42 жасында үйелмелі-сүйелмелі үш баламен зар жылап қала берді. Мен сонда екі жаста болыппын.

Әкем тұтқындалғаннан кейін біздің жанұямызда да тыныштық болмады. Халық жауының жанұясы деген атқа қалып, қаншама қайғы-қасірет көрдік.

Көрген бейнетімді қағазға түсіріп, мұнымды шағып өткен өмірімді есіме алсам қайғылы түндер, қайғылы



күндер қалай өтті деп ойлаймын. Халық жауының семьясы деп мектепке де алмай талай жаяу барып 25 шақырым жерден жылап келіп жүрдім. Анам далада отырып мені алдына алып дем алатынбыз. Әкеміздің семьясын іздең жүр дегенді естіп әкемнің інісі Олжабай бапамыз бізге бір орыстың Орловка деген қаласына апарып тықты күні бойы мал қорада отырамыз, – дейді анам жақын маңайды іздең жүр деген хабар келді. Содан кейін Ресейдің қалың орманына ағаш арасына апарып орналастырыпты. Ағаштың жанында бір құдық бар екен, бір таныс адам суға келген болып бізге тамақ әкеледі екен. Ағаш бір жауса, жапырақ екі жауып жылап отырамын деп айтушы еді анам. Тиышталды деген хабарды естіп, елге келіппіз, үйміздің бір жағын конторға, бір жағын школға алып қойыпты. Суық шорамиде ортаға от жағып паналап жатамыз. Жалғыз сиyrмен күндіз жер жыртамын, діңкесі құрыған сиyrды кешке сауамын соның сүтін ішіп күн көрдік, – дейді анам. Мен 9–10 жастағы баламын, сиyr айдаймын сиyr шаршап жата кеткенде мен де үстіне жата қалам әл жоқ шаршагандық қой. Масақ теріп кептіріп, қуырып ас қыламыз. Анамызға да күн көрсетпеді.

Сорлы анам әкемнің әктағанын да ести алмай арманда кетт.

Қайран әкем жаның жәннатта, топырағың торқа болсын. Әкемнің аты жазылған тасты сипап, бір жылап, бір қуанып тұрғанымда қасымда өз әкесінің атын көріп осындей толғанысқа түскен бір орыстың әйелі де жылап тұрып раҳметін айттып жатты. Араға ғасыр салып, жетім-жесірлердің өлгендерін тірілткен ел басына, содан қалды осы істі қолдарына алып, маңдай терлерін төккен елдің азаматтарына, соның ішінде ерекше Болат



Мағазұлы бауырыма басымды иіп мың алғысымды айтамын. Біздер көрген сол зұлмат сүм заманды кейінгі үрпақтарымыз көрмесін деп тілеймін.

Күлзира Құлжабайқызы Әубекірова

Шешенстанда тұрсам да, Қазақстанымды сағынамын

Мен – шешен қызымын. Біздің қазақ жеріне қалай келгенімізді білмейтін адам жоқ шығар. Ал Қазақстаннан тарихи Отаным оралғаным, міне, 50 жыл болды. Бұл бір адамның ғұмыры ғой. Сол себепті қазақ тілін ұмытпасам да, дәл бұрынғыдай жақсы жазу қынырақ. Қазір жасым 76-да. Оның 30 жылын ұстаздық қызметке апнадым.

Өздеріңіз тарихтан жақсы білесіздер, біз сол кездегі саясаттың құрбанына айналып, 1944 жылы Солтүстік Қазақстанға тұрақтадық. Біздің тартқан азабымыз бер көрген қыншылығымызды сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бірақ біз бар қыншылықты мойымай көтеріп, тірі қалдық, тіршілік еттік. Тондық, ашықтық... соғыстан кейінгі жылдарда депортацияға ұшыраған халық қана емес, жергілікті қазақ отбасылары да ашықтан еді. Айырмашылығымыз – қазақтар өз үйінде күнөлтіп жатса, біз туған жерден еріксіз ажыратылған едік.

Біз Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында (қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы) тұрдық. Алғашында В. Молотов атындағы ұжымшарда, 1954 жылы сол ауданның Сұлушоқ деген ауылына көштік. Бала өзге

тілді тез үйренеді ғой. 1945 жылдың оқу жылына дейін біз қазақша еркін сөйлеп жүрдік. Сол себепті мені бірден екінші сыныпқа қабылдады. (1-сыныпты депортацияға дейін орыстілді мектепте оқыған болатынын). Осылай бір мектептен бір мектептке көшіп, білім алдым. 3-сыныпты бітіргеннен кейін білімімді Комсомол деген көрші ауылда жалғастыруыма тұра келді. Ал 5–7 сыныптарды Еңбекші қазақ мектебінде оқыдым. Мектептің жанында интернат болатұғын. Ол болмаса, мен білім ала алмас та едім. 7-сыныпты мақтау грамотасымен аяқтаған мені енді білім алуды қалай жасғастырса екен деген ой толғандырды. Ауданда қазақтілді орта мектептің жоқтығынан Петропавлға бару керек болды. Ал ең бастысы, петропавлдағы мектепте аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына арналған интернат болатын. Бірақ бұл мақсатқа жету оңай емес-тін. Ол кезде жер аударылғандар комендатураның қатаң бақылауында болатын. Ресми рұқсат алмай, ауданның шекарасынан шықпаймыз. Эр қадамымыз санаулы еді. Ал ата-анам біздің білім алғанымызды қалады. Дана кіслер еді ғой... әсіресе, баланың үлкені – көп үміт артты. Сол себепті әкем екеуміз петропавл қаласындағы мектеп-интернатта білім алудың рұқсат алу үшін ауданның коменданттына бардық. Комендант менің құжаттарыма бір қарап: «Рұқсат жоқ. 7-сыныпты бітірді, сол жетеді. Үйде отырын»–деді.

Әкем қапаланса да, ештеңе айтпады. Мен бетімнен қақса да, мойымадым. Ішімнен білім алуга бел байлаған болатынын. Комендаттың кабинетінен шыққан кезде әкеме; «Сіз үйге қайтыңыз, мен осы жақтан Петропавлға барып, интернаты бар мектепті тауып аламын. Менен хат тосыныздар», – дедім. Ол кезде мен 17 жаста



болатынмын. Сол күні-ақ мені мектепке де, интернатқа да қабылдап, үйге қуанышқа толы хатымды жібердім.

Мен алғашқы күннен бастап тәртібі де, улгерімі де жақсы оқушылардың қатарынан көріндім. Жақсы оқып қана қоймай, қазақтың әнін шырқай алатындығымды, билерін тамаша орындастындығымды, домбыра тарта білетіндігімді көрсеттім. Мектептің жұлдызы болдым десем, артық айтпаймын. Үнемі мектепшілік шараларға атсалысып, радиодан ән шырқаушы едім. Байқауларға қатысып, жұлделі орындар алатынмын. Музыка мектебінде домбыра сыныбында оқыдым. Мұғалімім Құрманғазы атындағы оркестрдің бұрынғы мүшесі – Філман Әлжанов еді. (ол кісі қазір бұл өмірде жоқ та шығар). Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен Мәлік Нұрпейісов сабак беретін. Бірақ ол кейін сол кезде «Ленин туы» деп аталған облыстық газеттің редакциясына кетті.

Мен осылай рұқсатсыз Петропавлға білім қуып кеткенімді аудандық комендатура артынан біліп, қалалық комендатураға хабарлапты, сол жылдың желтоқсан айында интернатқа миллиционер келді. Барлық сыныптастарымның алдында мені тергеуге алды. Менің сол кездегі күйімді сөзben жеткізу мүмкін емес. Рұқсатсыз кеткенім үшін 15 тәулікке абақтыға қамап, сосын үйге қайтаратындығын айтып, қорқытқан ол киініп, оның соңынан еруді бүйірды. Мен қамауға алынған адамдай миллиционердің соңынан еріп бара жатқанда достарым көзben шығарып салды. Ұяттан кірерге тесік таппадым. Маған бір қағаздарға қол қойғызып, жаза ретінде ай сайын 10 шешен-ингуш отбасын аралап, олардың қолын қойдыртып, есеп беруім керек болды. Бұл мен үшін қорлық болатын. Берілген тапсырмасын

екі ай орындағаннан кейін мені еш пайдасы жоқ бүл «жұмыстан» босатты. Бұл кезде мен төлкүжат алатын жасқа жеткен болатынмын. Жұрт кәдімгідей төлкүжат алып жатқанда, маған жеке басымды күәландыратын екі беттік қағаз берді. Мен, әрине, оны жұртқа көрсегінде үялышп, тығып жүретінмін. Ақыры 1955 жылы орта мектепті жақсы бағамен аяқтадым. Екі-ақ төрт болды.

Орта мектептен кейін қайда барып оқымын? Институтқа түскім келеді. Бірақ онда көп жыл оқу керек. Ал мені ауылда көмегім ауадай қажет ата-анам, бауырларым тосып отырды. Бақытыма қарай педучилище де екі жылдық қазақ бөлімі ашылды. Жатақханасы бар, сондай-ақ шәкіртақы беретін. Маған керегі де осы болатын. Енді білім алуға болады. Оқып жүрген кезде бейтаныс кісілер астыртын көмек көрсетіп, азық-түлік беріп отыратын. Ол азық-түлікті маған педучилищенің бір кітапханашысы әкеліп беретін. Қанша сұрағаныммен, маған көмектесіп жүрген кісінің аты-жөнін айтқан емес. Білмесем де, танымасам да, оларға деген алғысым шексіз.

1957 жылы педучилищені үздік бітірдім. Сондағы қуанышымды көрсөніз ғой! Осылай бақыт құшағында жүргенімде сіңлім анамды облыстық ауруханаға әкелді. Мен өз анамды әзер таныдым. Сырқаттан қатты жүдеп кетіпті. Дәрігер асқазан обырына шалдыққанын айтты. Анам 1958 жылы небәрі 46 жасында дүниеден өтті. Әкем болса, 7 баламен қала берді. Әлі күнге дейін әкемнің басына түскен ауыртпашилықтың барлығын жалғыз өзі қалай көтергеніне таңғаламын. Бұл кезде шешндер мен ингуштар тарихи Отандарына қайта бастаған. Бірақ біздің көшуімізге жағдайымыз болмады.

Ал 1959 жылы тұрмысқа шықтым. Жұбайыммен 46 жыл өмір сүрдім. Жұбайымның тегі -Чараев. Менің қыз



кезімдегі тегім Калиматова. Қазақстандағы таныстарым қызы кезімдегі тегім арқылы танып. 2005 жылы жұбайым дүниеден өтті. Құдай бізге сәби сүйдірмеді. Қазір жалғыздығымды өзімнің туған ауылым – Толстой-Юрт ауылында өткізіп жатырмын. Бұл ауылдың атауы орыстың атақты жазушысы лев Толстойдың құрметіне қойылған. Ол бұл ауылда жи болып, Солдо атты шешенмен достасып кеткен екен.

Осының бәрін еске алуыма себеп те жоқ емес. Қанша өмірім қалғанын бір құдайдың өзі біледі. Сол себепті қазақ халқына деген менің және туған-туысқандарымның ілтиппаты ерекше екенін жеткізгім келді. Біз қазір Қазақстанды қатты сағынамыз. Сондықтан да Ресей арналарында көрсетілген КВН ойындарына Қазақстаннан команда қатысса, оларға сәттілік тілеп, жетістіктері үшін қуанып отырамын. Сондай-ақ бүге-шігесіне дейін баяндап отырғаным: білетін, танитын, көзі тірі достарыма өзімнің өмірімнің қалай өтіп жатқанын айтқым келеді. Олар тым болмаса, менің қайда тұрып жатқанымды білсе екен. Бұл – менің осы өмірдегі соңғы тілегім. Себебі, қатарлас достарым мені, ал мен оларды қатты жақсы көретінмін. Өзіме білім берген ұстаздарымның білімділігіне таң қаламын. Олар бізге сапалы білім берді. Осы алған білімім үлкен өмірге жол ашты. 1971 жылы шешен-Ингуш мемлекеттік педагогикалық институтын тәмамдәп, 1990 жылға дейін орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ бердім. Ұстаздық қызмет атқарған жылдары, «Халық ағарту ісінің үздігі» атағын алдым. Бірнеше медальдармен, төсбелгілермен мараптталдым. Сол себепті мені осындай дәрежеге жетуге септігін тигізіп, терең білім берген ұстаздарыма бас иемін. Жас кезімде Мәскеуге барып, «Кітап әлемінен» қазақ тіліндегі



кітаптарды сатып алушы едім. Ол кітаптарды бірнеше қайтара оқыдым. Ал қазақ әндері бар дискілерді бұл жақтан таба алмадым. Менің елімдегі жағдайды білгісі келетіндерге айтарым: бізде қазір бәрі жақсы. Көпте-ген қынышылық артта қалды. Білікті басшымыздың арқасында жаңа кезеңге аяқ бастық. Біз болашақтан тек жақсылық қүтіп, 65 жыл бойы шешен-ингуш ұлты тартқан азап енді қайтіп оралмайды деп сенеміз. Ха-тымды қорытындылай отыра, мен бізді жәбірлемей, керісінше қарсы алып, бауырына басқан, көмектескен қазақ халқына алғысымды білдіремін.

Сіздерге денсаулық, ұзақ ғұмыр тілей отыра, қа-зақстан Республикасы гүлдене берсін демекпін.

Тамара Чараева, ресей Федерациясы,
Шешінстан автономиясы,
Толстой-Юрт ауылы



Біздің қазақ осындаі

Біздің қазақ мейірімділік үлгісі,
Мейірбандық ұлттымыздың үрдісі.
Қонақжайлы, барыменен бөлісу-
Бабалардан келе жатқан құнды ісі.

Дүлей қүшпен елдерінен қылған,
Қайғы жеген үміттері сүйнған,
Көп ұлттардың өкілдері жер ауып,
Сүм тағдырдың тәлкегіне ұрынған.

Қасиетті қазағымның жерінде,
«Алжир» – тамық қоныстаратайды елінде.
«Халық жауы» әйелдері мыңдаған,
Қамалғандар Сары арқаның белінде.

Бұл әйелдер нағыз асыл тектілер,
Әділетсіз саясатқа кектілер.
Міне, мұнда көргендері күш қорлық.
Аштық, зорлық, зомбылықтар, тепкілер.

Аянышты ғұмыр кешті тұрмыста,
Бел жазылмас ұзақ қунгі жұмыста.
Қарлы боран, сары аязда қақаған
Құн өтеді оппы қарда, қамыста.

Еске алады тұтқын латыш әйелі,
Лагерде бір кездестірген жай еді.
«Қамыс шауып жүр едік біз, төбеден,
Жауған тастар жұдырықтай бар еді.

Қарауылдар біздің жаққа қарады,
Зіл күлкімен сорлы бізге қаралы-
Көрдіңдер ме жай адамдар сендерді
Нағыз халық жауымыз деп санады.

Бірде абайсыз құлап түстім бетіммен,
Түйіспін түйір тастың шетімен.
Сездім сүттің иісін мен сол тастан,
Қорек екен деп қуанып кеттім мен.

Жанымда әйел екен қазақ ұлтынан,
Таныдым мен азиялық түркынан,
Тасты иіскеп қуанды да, жылады.
Жалап-жалап нәр алғандай құртымнан.

Жиып теріп, лагерге біз жеткіздік,
Барімізге қуанышты шексіз ғып.
Өзімізге қорек болды біразға,
Көнілдің бір мәз-мейрамы еткізіп»

Әңгімесін айтты осылай аяңдал,
Бастан кешкен оқиғаны баяндап.
Балалардың ерлігіне таң қалып,
Халқымыздың болмысына таңданып.

Тайсалмаған қарауылдың оғынан,
Сүйінесің қорқыныштың жоғына.
Қазағымның жаны жайсаң осындей,
Бағышталған жарқын өмір жолына.

Кімді ғана бауырына баспады,
Зарыққанды орта жолда таstadtы?!
Жүз отыз үлт өкілдері кемінде,
Қамқор болып нұрлы өмірге бастады.



Зардап шеккен батыр ана

(Күлзира Құлжабай қызына арналады)

Тағдырдың тәлкегіне екі жаста,
Кезіккен, қасірет түсіп сәби жасқа.
Анасы үш баламен қалған зарлап,
Баспанасыз, жарымай ішкен асқа.

Құлжабай – «бай баласы» «жау» болыпты,
Сол қоғам жау аулайтын ау болыпты.
Қырғидай соққан дауыл жұртыймызға,
Қай адам бұл нәубеттен сау болыпты.

Мал-мұлік тәркіленіп кете барды,
Жанұя жоғалыпты жоқты -барды.
Халық жауы отбасын тіміскілеп,
Іздеген әйелі мен балаларды.

Қайран әке 37 күзінде,
Атылды да жас қыршыны үзілді.
Қайда қалды құрбандардың мәйіті,
Құпияда. Жоқ бүгін жер жүзінде.

Көрген бейнет бүгінде түссе есіне,
Толассыз толып тұрар жас көзіне.
Қасіретін тарқатар шамасы жоқ,
Айта алмай тығылады өз сөзіне.

Есінде «Іште» ағашта тығылған күн,
Аш отырып, ауыз дәмнен жырылған күн.



Күн бір жауса, жапырақ екі жауып,
Шылқыған су киімдер сыйылған күн.

Есімде мал қорада тығылған күн,
Сырдың жапасына жығылған күн.
Тоңып-жаурап, қалышылдап отырғанда,
Тиылмаған көз жасы сыйылған күн.

Бір жылы келіп елді сағаладық,
Бізге үй жоқ, шорамиды паналадық.
Жалғыз сиыр сүтін ішіп, масақ теріп,
Саз кешіп егістікті араладық.

«Өлмегенге өлі балық» дегендей,
Тәлкектерге женілмеймін, женем дей,
Қайсарлықпен қажымадым, ер жеттім
Жақсылықты болашаққа сенем дей.

Сегіз балам, өсті, жетті, өрледі,
Әттең әкем осы өмірді көрмеді.
Ұрпағы өсті, ұлықтайды атасын,
Өкінішті, соңынан тек ермеді.

Сорлы анам әкеміздің ақталғанын,
Есімі мәңгілікке сақталғанын,
Көрмей кетті-ау, шіркін-ай, қуанатын,
Бүгінгі өмір көркіне шаттанатын.



Шешілмей тұрған мәселе

Саяси құғын-сүргін ұрпақтарын толғандырвтын бір үлкен мәселе – аталарының зиратын табу.

Бұл – жеке бастың ғана шаруасы емес, бүкіл қоғам үшін Рухани жаңғыру тұрғысынан қарағанда шешуін таптыратын адами және діни мәні зор, әр отбасының арман мұддесіне сәйкес іс.

Шәйіт болған құрбандардың көмілген жер төлесін тауып, құран бағыштап, бір уыс топырағын елге-туған жеріне әкеліп тиісті рәсімдерін жасау ғанибет қой.

Осы мәселені шешу жолында мен көптен бері ізде-стіру ісімен айналысып келемін.

Сонау 1955 жылы Ворошиловқа арызыымды жолдағанда «әкем тірі болса қайда, өлген болса қай жерде көмілді?» деген едім. Бұл сұрақ жауапсыз қалған.

Міне, қазір бүкіл республикадағы архивтерден алған сұрауымызға бір-ақ жауап – «не числиться». Ойпыр-ай бу болып аспанға ұшып кеткен бе деп налимын.

Ойлап-ойлап, бұл мәселе тек жеке бастың ғана ісі емес қой, бүкіл қоғамды қамтитын мындаған зардап шеккендердің көкейін тесіп отырған қасірет. Эркімнің талабы мен талпынысы нәтиже бермесіне көзім жетті.

Елбасының халқының мұн-мұддесіне шынайылығына сүйеніп, тәуекел деп Президентіміздің атына көмек сұрап сауалыымды жолдадым. Содан елбасы қолына жетпеген тәрізді, мәдениет Министрлігіне жіберіліпті.



Өкінішке орай, бұл мекеменің құзырына жатпайтын сұрағымызға тұра жауаптың орнына «Анда бар, мында бар» деген шығарып салма жауап келді.

Біздің сауалымыздың тікелей түп-тамырын мемлекет дәрежесінде ықпалды іс-шара жасалып, әkenін жер астында жатқан телімді тауып беру еді ғой.

Ал Президент аппаратының, я канцеляриясының сауалымыздың мән-жайына, мазмұнына немқұрайлылықпен атусті біздің қайда барагымызды білмейді санап, құзыры сәйкес емес мекемеге жібере салуы – зардал шеккендердің зарына құлақ аспағандық деп есептеуге тұра келеді.

Әйтеуір шешім табылар- ау деген үмітпен Елбасына сауалымызды қайталаймыз деп шештік.

Мұндай игілікті істің жолында шаршамаспыз, тал маспыз.

Алла жар болсын!

Сагындықов Б.М.



ХХ ғасырдың 30–40-шы жылдарындағы жаппай саяси Құғын-сүргіннің дүлей дауылы мыңдаған адамға қай-ғы-қасірет әкелді. Қатал тоталитарлық жүйенің ауыртпалығын көрмеген сол замандағы қазақ отбасылары кемде-кем. Халқымыздың аяулы перзенттері – Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлін және басқа да көптеген саңлақтарымыз құғын-сүргін құрбандары болды. Өз халқына өзі нақақтан-нақақ жау атанудан асқан қорлық бар ма? «Память» қоғамдық қорының тәрағасы.

Жаңа заң жаңған үміт

Қазақтармен бірге жер аударылған 1,5 миллион неміс, поляк, корей, шешен, түрік, грек және басқа да халықтар өкілдерін орны толмас қасіретке душар еткен замана зары бүгінде тарихтың қаралы бетін құрап отыр.

Етегі көз жасына толған жесірлер, зар еңіреген аналар мен жастай жетімдіктің ацы дәмін татып қана қоймай, бақытсыздық батпағына белшесінен батқан балалардың көрген қорлықтарын айтып та, жазып та жеткізу мүмкін емес.

Сталиндік солақай саясаттың құрбанына айналған боздақтардың лагерлерде, түрмелерде көрген зорлық-зомбылықтары уақыт алға жылжып, замана өзгерсе де үрпақ әздынан өшпейді.

Әлем елдері тарихында арагідік кездескен нәубет ұлттымызды беткеұстар тұлғаларынан айырды, баланы анасынан, талай жанды жақынан ажыратты. Озбыр саясаттың соыйлына жығылып, жүрек түкпірінде жатқан арманымызды ашып айта алмағанымыз қорқыныш пен үрейден арыла алмағанымыз жасырын емес.



1937 жылдың қараша айында ату жазасына кесілген әкем 1943 жылдың қыркүйегінде Қарағанды облысы аумағында тұрмelerдің бірінде жазасын өтеп жүргенде туберкулез дертіне шалдырып, қайтыс болыпты-мыс. Бұл мениң 1955 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының тәрағасы К. Е. Ворошиловқа жолдаған сауалыма Омбының мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің берген жауабы еді.

Бұл мәлімет шындыққа жанаса ма, әлде жалған бағынге дейін беймәлім күйде қалып отыр. Өйткені әкемнің жерленген жерінің қарағанды өнірінен табылмауы көнілге құдік үялатады. Ол туралы ақпараттардың ешбір мұрағатта кездеспеуі қайғы үстіне қайғы қосады.

Еліміздің еңселі егемендікке қол жеткізгеніне де 26 жылдан астам уақыт өтіп барады. Тәуелсіздік орнаған күннен бастап өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді ғой. «Халық жауы» атанып, өз ұлтының жадынан еріксіз аластатылған саяси құғын-сүргін құрбандары ақтала бастады. Осынау оқиғадан кейін шеріміз тарқағандай болды. Эсіресе Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 14 сәуірінде қабылданған «Саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы талай көнілге үміт пен қуаныштың дәнін септі. Алайда, арқаны кеңге салуға әлі ерте еді.

Бұл заңның екінші бабында екі статус қарастырылған: бірі құрбандар болса, екіншісі зардап шеккендер. «Әкесі репрессияға іліккенде он сегізге толмаған, ата-анасының қарауынсыз қалған балалар зардар шеккендер болып есептелінеді» делінген. Бала әкесінен, шешесінен немесе екеуінен айрылған жағдайда қараусыз деп таныла ма, осы жағы анықталмаған. Осыған байланысты



еліміздегі көптеген адам зардап шеккен статусын ала алмады.

Бұл мәселені, яғни заңға толықтырулар мен түзетулер енгізілуін «Память» қоғамдық қоры он төрт жылдан бері көтеріп келеді.

Осы уақыт ішінде 14 Парламент депутатымен кездесіп, Үкіметке, «Нұр Отан» партиясына, тікелей эфирде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа ұсыныс жасадық енбегіміз еш кеткен жоқ. Бұл мәселенің шешілүіне Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның құрметті журналисті Кәрібай Мұсырманның сінірген енбегі орасан. Халық қалаулысының табандылықпен қадағалауының арқасында Үкімет ұсынысты қолдады. Соның нәтижесінде үстіміздегі жылдың шілде айында «Күғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» жаңа заң қабылданды. Жаңа заң бойынша біз, саяси құғын-сүргін құрбандарының балалары репресиядан зардап шеккендер санатындамыз. Бұл оқиға қыын-қыстау заманды басынан өткерген жандарды қуанышқа бөлеп отыр. Бірқатар тұрмыстық игіліктерге қолымыз жетті. Заңда көрсетілгендей, аталмыш санаттағы адамдар тұрган үйді тегін жекешелендіре алады, көптеген коммуналдық жеңілдіктер қарастырылған.

Осы мақалам арқылы ұдайы халықтың жағдайын ойлайтын Елбасымыз Нұрсұлтан назарбаевқа зор ризашылық білдіріп, өзімнің тағдырластарымды, құттықтағым келеді. Өйткені, бұл заң мен сияқты мындаған жаннның көкейіндегісін дөп басты.

Болат Сағындықов,
«Память» қоғамдық қорының төрағасы.
«Солтүстік Қазақстан» газеті 2018



Восстановлены в правах

Пострадавшим в период массовых политических репрессий в СССР признаны дети жертв репрессий, не достигшие 18-летнего возраста к моменту репрессий родителей, оставшиеся в то время на попечении одного из родителей.

Буря массовых политических репрессий нанесла нашему народу невосполнимые утраты. Мало какая семья не претерпела последствия беспощадных действий сталинского тоталитарного режима. Великое несчастье быть названным врагом собственного народа в то время стало жестокой судьбой многих и многих соотечественников. Какие только бедствия не выпали на долю обливавшихся слезами жен, матерей и детей тех несчастных, которых объявили врагами народа, какой позор пришлось пережить обществу. В тот период бесстыжая политика тоталитарного режима наводила страх на каждого. Поэтому люди покорно мирились, молчали и терпели всё.

Строжайшей тайной была судьба осужденного: то ли он расстрелян по приговору, то ли отправлен как бесплатная рабочая сила на лесоповал на север или в шахту, не защищенную мерами безопасного пребывания в ней. Примеров тому не мало.

Моего отца Сагиндыкова Магаза однажды вечером в «черном вороне» забрали, закрыли, обвинили в шпионаже в пользу Японии, хотя он и понятия не имел, что такое эта «Япония». Через два месяца семью известили,



что он осужден на десять лет. Ждали десять лет его освобождения, ждали семнадцать лет...

1955 году я обратился письменно к тогдашнему председателю Президиума Верховного Совета СССР К. Е. Ворошилову с просьбой сообщить о судьбе отца: если жив, то где он, а если умер, где похоронен. Через КГБ г. Омска, где я учился, сообщили устно, что отец умер 10 сентября 1943 года в местах исполнения наказания в Карагандинской области. Умер от туберкулеза.

Позже в архиве ДВД области мы узнаем, что он был приговорен к высшей мере наказания, хотя нет подтверждения об исполнении приговора.

Спрашивается, кому и чему верить?

По настоящее время место захоронения отца не найдено как, полагаю, мест упокоения многих тысяч лагерных смертных. В архивах на запросы такого рода преобладает ответ: «Не числится». Конечно, умерший в неволе человек не испарился, не просочился в землю, как вода, – он просто не числится. По сей день многие попытки установить место захоронения этих несчастных безуспешны.

Семьям родственникам репрессированных великую радость доставил Закон о реабилитации жертв массовых политических репрессий, принятый 14 апреля 1993 года. Наконец-то ни в чем не повинные жертвы оправданы, их честные имена возвращены обществу.

Мой старший брат Килаж Магазов, имя которого хорошо известно общественности области, официально узнав о реабилитации отца, хотите верьте, хотите не верьте, в течение двух суток плакал. Ранее, когда с началом Великой отечественной войны над Родиной нависла опасность, он, фактически шестнадцатилетний



юноша, прибавив себе два года, пошел воевать с твердой решимостью противостоять врагу, с желанием доказать своей жизнью и кровью, что его отец не враг народа. Пройдя с боями от Керчи до Берлина, получив два ранения, Килаж вернулся домой в 1949 году.

Между тем до принятия названного закона его дважды выгнали со службы как сына врага народа.

Со дня приобретения независимости наше государство проводит мероприятия по сглаживанию горьких следов тоталитарного режима. Одним из них является реабилитация жертв массовых репрессий, возвращение честных имен невинно осужденных. 14 апреля 1993 года был принят Закон РК «О реабилитации жертв массовых политических репрессий». Он вызвал большой политический, общественный резонанс. Мы почувствовали, будто воскресли умершие, нашлись потерянные.

В стороне от больших дел, связанных с реабилитацией, не стоял наш общественный фонд «Память». За эти 15 лет своей деятельности он провел значительную работу по увековечению памяти жертв массовых политических репрессий. В Петропавловске возведен мемориал, включающий в себя монумент, Стену памяти, на гранитных плитах которой высечены имена 7628 жертв из нашей области, а так же две стелы одна из которых посвящена голоду, а другая депортации.

Фондом подготовлены два тома справочника, включающего в себя краткие характеристики репрессированных, книга «Ақталған есімдер» (Возвращенные имена). Готово к выпуску еще одна книга «Увековеченные имена» (Есімдері мәңгі есте).

Наш фонд в течение одиннадцати лет вел кропотливую работу по внесению предложений в Закон



о реабилитации жертв массовых политических репрессий в части признания пострадавшими детей жертв репрессий. Результат на лицо. 2 июля 2018 года приняты изменения и дополнения к Закону РК от 14 апреля 1993 года. «О реабилитации жертв массовых политических репрессии»


В которых учтены и наши предложения. Теперь пострадавшими признаны дети, на момент репрессии родителя не достигшие 18 лет и оставшиеся на попечении любого родителя. Согласно данной норме, кроме морального удовлетворения, у них есть и льготы социального характера.

Справедливость воссияла. Мы благодарны нашему Президенту за заботу о людях.

Хочется отметить настойчивую работу нашего депутата Мажилиса Карибая Мусырмана по продвижению. Инициативы фонда «Память», направленной на внесение изменений и дополнений в названный закон.

**Болат Сагиндыков,
Председатель общественного фонда «Память»
член Союза журналистов Казахстана**

Мемориалдың ашылуы






Солдан оңға қарай: облыс әкімі Т. Мансуров (2005 жыл)
«Память» қоғамдық қордың төрағасы Б.М. Сағындықов. ҚР
суретшілер одағының мүшесі, еңбек сінірген өнер қайраткері
Хасен Абаев, СҚМУ-оқытушысы Ф. Перницкий, саяси құғын-
сургін құрбанының баласы



Мемориалдың ашылуына жиналған қауым



Мемориалдың ашылуына жиналға қауым



**Әке аруғына
тағым етуге
келген, Ресей
азаматы Ерік
Қабдусов**



Зұлматты бастан өткерген,
Бәрімізден көп көрген.
Асыл анам менің,
Әлемде жоқ теңің.



Бала жастан зардап шеккен,
Ашы дәмін татып өткен,
Әкем халық жауы емес деп,
Майдан барып қанын төккен



Зар заманда туыппын,
Бетімді жаспен жуыппын.
Болат деген атыма
Лайық бол белді буыппын



**3-жасынан саяси құғын-
сүргіннің құрбаны болған жиен
ағамыз Ұәнаб Жоламанұлы**



**Ауылымдағы Ұлы Отан
соғысының ардегерлері
мен саяси құғын-сүргін
құрбандарына арналған
мемориал**



**Бостандық ауылындағы
саяси құғын-сүргін
құрбандарына арналған
ескерткіштің ашылу рәсімі**



**Құрбандардың есімдері
жазылған ескерткіш тақта**



Мемориалдың ашылу салтанатына қатысқан қауым



Күлэира Әубәкірова 2-жасынан зарлы зардап шеккен ана



Ескерткіш қабырғаның қасында



**Облыстық архив қызметкерлері: полковник С. Құсанова,
Болат Сағындықов, Эльмира....., Қалқаман Қарабатыров.
Бостандықтағы ескерткіштің алдында**



**Ақталған адамның
КҮӨЛЛІГІ**

<p>«Петропавл қаласы өкімдігінің жұмыспен қамту қамту және алеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ</p> <p>КҮӨЛЛІК сериясы №07 № 7 серия</p> <p>УДОСТОВЕРЕНИЕ</p> <p>САГИНДЫКОВ Тек./Фамилия БОЛАТ Аты /Имя МАГАЗОВИЧ Экесінің аты /Отчество</p> <p>M.O.M.P. _____ Көлік / подпись</p>		<p>Күелікті ұсынушы адамның «Жаппай саяси күтін-сүргін күрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Занында белгіленген жөнжілдіктер мен артықылықтарға күкүй</p> <p>Күеліктің мерзімі белгіленбеген және Қазақстан Республикасының бүкіл аумақында қолданылады.</p> <p>Предъявитель удостоверения имеет право на льготы и преимущества, установленные Законом Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий».</p> <p>Удостоверение бессрочное и действует на всей территории Республики Казахстан. «06» августа 2018 г. М.О.М.П. Берілген күн/Дата выдачи</p> <p>Басшысының көлік Подпись руководителя</p> <p>G.Жәкенқызы</p>
---	--	---

175

ФОРМУЛА ИЗ ПРОТОКОЛА № 15
ЗАСЕДАНИЯ ТРОЙКИ УННВД СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
От 26 ноября 1937 года.

Слушали:	Постановили:
1. Дело №-904 ОКОУ НКВД по обвинением:	Отменено 23/1-412 Руководство
✓ 1. МУХАМЕТОВА-МУХАМЕТЖАНОВА Абая, 1877 года рождения, быв. боец, активного участника бандитского 1921 года, высланного, скрывшегося от репрессии.	✓ МУХАМЕТОВА-МУХАМЕТЖАНОВА Абая - РАССТРЕЛИТЬ, лично принадлежащее ему имущество конфисковать.
✓ 2. САГАНДЫКОВА Магзата, 1891 году рождения, сына муллы.	✓ САГАНДЫКОВА Магзата - РАССТРЕЛИТЬ, лично принадлежащее ему имущество конфисковать.
✓ 3. КАРАБАТЫРОВА Келимулла, 1899 году рождения.	✓ КАРАБАТЫРОВА Келимулла - заключить в ИТЛ сроком на ДЕСЯТЬ лет, считая срок с 25/IX-37 г.
✓ 4. ЖАКУПОВА Нуртая, 1911 году рождения, сына муллы, сужденно-го.	✓ ЖАКУПОВА Нуртая - заключить в ИТЛ сроком на ДЕСЯТЬ лет, считая срок с 25/IX-37 г.
✓ 5. ЕСИМОВА Шаймердена, 1904 году рождения, сына муллы.	✓ ЕСИМОВА Шаймердена - заключить в ИТЛ сроком на ДЕСЯТЬ лет, считая срок с 17/X-37 г.
СУДУЛЕНБЕРГЕНОВА Улбая, 1906 году рождения.	✓ СУДУЛЕНБЕРГЕНОВА Улбая - заключить в ИТЛ сроком на ДЕСЯТЬ лет, считая срок с 20/X-37 г.
СВИДЕТЕЛИ: СОСТАВЛЯЮЩИЕСЯ в том, что они состояли членами к-р. националистической террористической, повстанческо-диверсионной организации, проводили к-р. вредительскую работу в колхозе, организованно проводили к-р. агитацию поджигательско-повстанческого характера.	(Д-к т. Шаяхметов)
СЕКРЕТАРЬ ТРОЙКИ:	

Аса қадірлі Елбасы!

Менің Сізге жолдаған сауалым қолыңызға жетпеген болар?!
Өйткені, сауалдың мән – мазмұнына жеткілікті көніл бөлінбегендіктен
хатым Мәдениет министрлігіне жолданған екен.

Бұл сауал құзырына жатпағандықтан түрлі архивтерге хабарлас
деген шыгарып салма жауап жіберіпті. Республика қолемінде барлық
архивтерге сұрау жолдан, ешбірінде әкем Сагындыков Мағазын
тіркелмегені туралы жауап алынған.

Әкемнін мәйіті із – түсіз жоғалғанына ренішімді білдіріп,
мемлекет, үкімет дәрежесінде ықпалды іс – шара атқарылуын
сұрағанбыз. Бұл мәселеге Өзініздің тікелей көніл бөлүнізді сұраймын.
Бүкіл қоғамдық қолемдегі сан мындаған зардал шеккендердің мұны мен
зарына тұра нақтылы жауап алсақ дейміз.

Сондықтан үмітімізді үзбей құтын – сүргіннен зардал шеккен
азамат ретінде Сізге сауалды қайталап жолдауға мәжбүр болдым.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Память»
Қоғамдық корының тәрагасы,
облыстың құрметті азаматы,
Қазақстан Журналистер Одагының мүшесі
Болат Сагындыков

Председателю фонда «Память»
Сагандыкову Болату Магазовичу

Департаментом УИС по СКО рассмотрено Ваше обращение по поиску информации на Сагандыкова Магаза, 1891 года рождения, уроженца с. Бостандык Приишмского района СКО и по результатам проверки архивной учетной картотеки специального учета учреждений УИС по СКО сообщаем, что сведений о содержании Сагандыкова Магаза в учреждениях ДУИС по СКО отсутствуют.

**С уважением,
Начальник ДУИС по СКО
полковник юстиции**

Б. Жусупов

*исп. Мустафина
тел. 3331-32*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІң
«ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
АРХИВ» РММ



РГУ «ЦЕНТРАЛЬНЫЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АРХИВ,
МИНИСТЕРСТВА
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 39
Тел.: 8 (727) 338 30 53, 338 31 87, факс: 338 33 10
E-mail: cga_rk@mail.ru / Web: www.cga.kz

24.09.18 № 05-02-10/761

050000, город Алматы, проспект Абая, 39
Тел.: 8 (727) 338 30 53, 338 31 87, факс: 338 33 10
E-mail: cga_rk@mail.ru / Web: www.cga.kz

150002, Петропавл қаласы
**К. Байбулов көшесі, 69-үй, 54-
пәтер**
Б.М. Сағындықовқа

Сіздің әкеніз Сағындықов Мағаз жайлы жіберген сұрау-хатынызға
байланысты төмөндегіні хабарлаймыз.

Архив қызметкерлері Сіздің тарарапыңыдан 2018 жылдың тамызында № 05-01-14/367 келіп түсken хат бойынша Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сактаулы № 1680. «Қазак ССР Жоғарғы Соты» атты архивтік корынын 1937-1943 жылдар аралығындағы құжаттары бойынша іздестіру жұмыстары жүргізіліп, әкеніз Сағындықов Мағаздың сотталғаны, тұрмеге қамалғаны және жерленген зиратына қатысты құжаттардың табылмағанын хабарлап, № 05-02-10/680 жауап хат жолдаған болатын.

Сонымен қатар, архив қызметкерлері интернет жүйесінен іздестіру жұмысын жүргізіп, нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Ишкі Істер министрлігінің «Мемориал» атты сайтынан әкеніз Сағындықов Мағаз жайлы табылған қыскаша мәліметтің көшірмесін де жолдаған еді.

Қосымша мәлімет ретінде Сізге әкеніз Сағындықов Мағаз туралы мәліметтерді әрі қарай іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне (010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 34) хат жолдауға болатындығы жайлы тағы да естерінізге саламыз.

Қосымша: 1 парапта, 1 данада, орыс тілінде.

Директордың орынбасары

М.Ф. Жылышбаева

Орын. А.Б. Шалабаева
Р.Б. Сабденова
3383170

69
69

МАЗМҰНЫ

АБЫЗ АҒАНЫҢ АҚ БАТАСЫ	5
Әуелі айтарым бар	11
Зарлы заман зардабы	15
Не көрмедін, қазағым не көрмедін?!	27
Әкеме	28
Анама	30
Әкемнің қабірін мен таба алам ба?	32
Апа-ау, сені аңсаймын анда-санда	34
Апа-ау, неге түсіме кірмей қойдың	35
Қайран ана асылым	36
Ұлы нәубет	37
Анама	41
Анашым-ау, сағынамын өзінді	43
Анашым, естисің бе мұң зарымды	44
Жазылmas жан жарасы	45
Әкем қаны тамған жер	47
Әке сенің жаққан шамың сөнбейді	48
Жүргегімнің зары	49
Қайран әкем	50
Ағам көрді зар заманның запысын	51
Амандық пірәдар атам	52
Как завещание потомкам	54
Зұлмат заман запыраны	58
Нельзя забыть ту великую трагедию	60
Нужен ли был тот переворот	63
Кому и чему верить	68
Необходим музей репрессий	72
Зұлмат жылдар мұражайы болса	74
Не забудут потомки	77
Помнят всех поименно	79

80-жылдан соң қойылған ескерткіш тақта	81
Отты ойран опаты	84
Есімдері мәнгі сақталады	86
Әлі де жаза берем, жаза берем	91
Израпилов Хамзат деген азамат	94
Жазып келем құғын-сүргін зардабын	95
Бастамашы бас болдым	96
Мәңгілік ескерткіш	99
Тұраш ағаның аманаты еді...	103
Бейнетпен өткен ғұмыр	106
Подвиг матери	110
Сауле Маликова, Директор Северо-Казахстанского областного архива, кандидат исторических наук	116
Таңат Сүгірбаев, «Асыл мұра» орталығының жетекшісі	120
Қайролла Мұқанов, ҚР мәдениет қайраткері, Білім беру саласының ардгері, зейнеткер	122
Исполним долг памяти до конца	123
Жүректегі айықпас жара	133
Шешенстанда тұрсам да, Қазақстанымды сағынамын	135
Біздің қазақ осындаі	141
Зардап шеккен батыр ана	143
Шешілмей тұрган мәселе	145
Жаңа заң жанған үміт	147
Восстановлены в правах	150

Книга отпечатана в типографии ТОО «Издательство «Северный Казахстан».

Адрес: 150001, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область,

г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5.

Тел. +7(7152)- 31-07-72, e-mail: mail@izdatelstvo-sk.kz